

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға

**Қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитордың
Аудиторлық қорытындысы**

МАЗМҰНЫ

Аудиторлық есебі

Қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы есептеме.....	1
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есептеме.....	2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептеме.....	3
Ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есептеме.....	4

Қаржылық есептілікке ескертпелер

1	Кіріспе.....	5
2	Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта.....	6
3	Есептік саясат принциптері.....	7
4	Есептік саясатты қолданудағы маңызды бағалау мағыналары мен пайымдаулары.....	21
5	Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерге көшу.....	23
6	Жаңа есептік жағдайлар.....	24
7	Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары.....	24
8	Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар.....	26
9	Дебиторлық берешек.....	28
10	Негізгі құралдар және материалдық емес активтер.....	30
11	Бағалау міндеттемелері.....	30
12	Кепілді өтемді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер.....	31
13	Өзге міндеттемелер.....	33
14	Акционерлік капитал.....	33
15	Пайыздық табыс және шығыс.....	34
16	Қатысушы-банктердің жарналарынан таза табыс және мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан түсім.....	34
17	Әкімшілік және өзге операциялық шығын.....	35
18	Табыс салығы.....	35
19	Қаржылық тәуекелдерді басқару.....	37
20	Капиталды басқару.....	44
21	Шартты міндеттемелер.....	45
22	Әділ құн туралы ақпаратты ашу.....	46
23	Бағалау санаттары бойынша қаржылық құралдарды беру.....	47
24	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар.....	47
25	Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар.....	48

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ Акционерлері мен Басшылығына:

Біздің пікір

Біздің пікірімізше, бұл қаржылық есептілік «Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ (өрі қарай – «Қор») 2022 жылдың 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, барлық елеулі қатынастарында, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық есептіліктің стандартына сәйкес шынайы көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Қордың қаржылық есептілігінің аудитін орындадық, ол келесіні қамтиды:

- 2022 жылдың 31 желтоқсанмен аяқталған жылдың қаржылық жағдай туралы есептеме;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есептеме;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептеме;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есептеме; және
- есеп саясатының негізгі ережелері мен өзге де түсініктеме ақпараттан құралған қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдірудің негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сай жүргіздік (ХАС). Біздің жауапкершілігіміз осы стандарттарға сәйкес өрі қарай осы есептің «Аудитордың қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген.

Біздің ойымызша, аудит кезінде жиналған дәлелдер пікір білдіруге жеткілікті және орынды.

Тәуелсіздік

Біз бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңесітің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасына (ХБЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Қордан тәуелсізбіз және Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптар. Біз ХБЭСК Кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық және қаржылық есеп беру аудитіне қолданылатын Қазақстан Республикасының этикалық талаптары.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты адамдардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есепті Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес шынайы құруға және қамтамас етуге міндетті. Сонымен қатар, басшылық алақол әрекеттер және қателіктер салдарынан бос қаржылық есепті дайындауға керек ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржы есебін дайындау барысында, басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілетін бағалау, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті ақпаратты жария ету, қаржылық есепті - жұмысты үздіксіз жалғастыру қабілеті негізіндегі қағидатты қолданумен дайындау, басшылық Қорды тарату, оның қызметін тоқтату, қызметті тарату немесе тоқтатудан басқа балама жоқ кездерден басқа жауапты.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қордың қаржы есептілігін дайындау үрдісін қадағалауға жауапты болып табылады.

Аудитордың қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік алақол әрекеттер немесе аудиторлық есеп шығару барысында қатерліктер салдарынан бой көтеретін небір елеулі жалғандықтың жоқ екендігін растайтын орынды сенімділік алу болып табылады. Орынды сенімділік, сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ХАС-на сай жүргізілген аудит әрқашан елеулі бұрмалануды анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмаланулар алақол әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін, егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың қаржы есептілігінің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп орынды түрде күтілсе маңызды болып есептеледі.

ХАС-на сәйкес жүргізілетін аудит аясында, біз кәсіби пайымдаманы қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алақол әрекеттер немесе қателіктер салдарынан маңызды бұрмаланулардың төуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; біз осы төуекелдерге қатысты аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүзеге асырамыз; біздің аудиторлық пікірімізді білдіруге жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер салдарынан болатын маңызды бұрмаланулардың төуекелі қателіктер салдарынан болатын маңызды бұрмалануларға қарағанда жоғары, себебі алаяқтық әрекеттер келісім, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпараттарды жалған көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерінен тұруы мүмкін;
- қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, аудит тұрғысынан мәні бар, ішкі бақылау жүйесі жайлы түсінік аламыз;
- пайдаланылатын есеп саясатының орындылығы мен басшылық дайындаған есептік бағалаулардың негізділігін және ақпаратты ашып көрсетулердің негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі принципін қолдану заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, және алынған аудиторлық дәлелдер негізінде - айтарлықтай күмәнді оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты Қордың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне қатысты маңызды белгісіздік пайда болу мүмкіндігін тұжырымдаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз қаржылық есептілікте тиісті ақпаратты ашып біздің есепте назар аударуымыз керек, немесе осындай ақпаратты ашу жеткіліксіз болса, біздің пікіріміз өзгертіледі. Біздің нәтижелер аудиторлық есептің шығару күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ

оқиғалар немесе жағдайлар Қордың үздіксіз жұмыс жалғастыру қабілетін жоғалтуына еkelуі мүмкі

- қаржылық есептіліктің тұтастай алғандағы ұсынылуының, оның құрылымы мен мазмұнының, ақпаратты ашуды сонымен қатар, қаржылық есептіліктің негізіндегі операциялар мен оқиғалардың әділ ұсынылуын бағалаймыз;

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпарат ауыса отырып, олардың назарына жоспарланған аудит көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ, аудит нәтижелері бойынша маңызды қорытындылар туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың елеулі кемшіліктер туралы мәлімет береміз.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

Price water house Coopers LLP.

Бекітілді:



Дана Іңкәрбекова
Басқарушы директор
ПрайсуотерхаусКуперс ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігінің бас Мемлекеттік
лицензиясы, 1999 жылы 21 қазан
№00000005)

Қол қойылды:



Айгул Ахметова
Аудит қызметінің серіктесі
Орындаушы-аудитор
(Аудиторлық біліктілік куәлігі №00000083, 27
тамыз 2012 жыл)

28 ақпан 2023 жыл

Алматы, Қазақстан

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Қаржылық жағдай туралы есептеме

Қазақстандық мың теңгемен	Ескер.	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	7	104,727,079	170,645,464
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	8	1,107,836,448	888,682,589
Дебиторлық берешек	9	3,690,987	4,022,528
Өзге активтер		440,375	416,821
Материалдық емес активтер	10	19,921	13,344
Негізгі құралдар	10	48,738	51,231
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		1,216,763,548	1,063,831,977
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Бағалау міндеттемелері	11	57,934,385	61,130,493
Кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер	12	-	2,319,379
Өзге міндеттемелер	13	491,771	447,164
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		58,426,156	63,897,036
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	14	235,794,400	235,794,400
Бөлінбеген пайда		115,828,743	76,459,383
Эмиссиялық табыс		647	647
Арнайы резерв	20	804,355,658	685,322,567
Өзге резервтер		2,357,944	2,357,944
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		1,158,337,392	999,934,941
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		1,216,763,548	1,063,831,977

2023 жылғы 28 ақпан бекітіліп, қол қойылған.

Утембаев А.
Төраға



Амирбекова Э.М.
Бас бухгалтер

«Қазақстанның депозиттерге көпілдік беру қоры» АҚ
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есептеме

Қазақстандық мың теңгемен	Ескер.	2022 ж.	2021 ж.
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық табыс	15	113,320,081	85,786,454
Қатысушы-банктердің жарналарынан табыс және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиясынан түсімдер	16	42,573,427	55,210,836
Салымшылар алдындағы міндеттемелерді есептен шығарудан түскен кіріс		1,103,221	9,133
Мәжбүрлеп таратылған банктердің депозиторларына өтемдер бойынша шығын	16	(509)	(6,464,372)
Амортизацияланған құн бойынша бағаланған қаржылық активтерді тануды тоқтатудан шығындарды шегеруден кейінгі табыс		(322,930)	-
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан таза пайда/(таза шығын)		(30)	2
Кредиттік шығындарды бағалау резервтері	8, 9	(146,433)	(105,363)
Бағалау міндеттемелері бойынша резерв	11	3,196,108	(22,406,405)
Өзге операциялық табыс		82,625	79,721
Әкімшілік және өзге операциялық шығындар	17	(1,413,203)	(1,188,573)
Салық салынғанға дейінгі пайда		158,392,357	110,921,433
Табыс салығы бойынша өтеу/(шығын)	18	10,094	(33,854)
БІР ЖЫЛҒА ПАЙДА		158,402,451	110,887,579
Бір жылға өзге жиынтық кіріс/(шығын)		-	-
БІР ЖЫЛҒА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ		158,402,451	110,887,579

**«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептеме**

Қазақстандық мың теңгемен	Ескер.	Акционерлік Капитал	Эмиссиялық табыс	Резервтік капитал	Арнайы резерв	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2021 жылғы 1 қаңтарға қалдық		235,794,400	133	2,357,944	598,376,004	52,518,368	889,046,849
Бір жылға пайда		-	-	-	-	110,887,579	110,887,579
Өзге жиынтық кіріс		-	-	-	-	-	-
2021 жылға жиынтық кіріс жиыны		235,794,400	133	2,357,944	598,376,004	110,887,579	110,887,579
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта үлестіру	20	-	514	-	86,946,563	(86,946,563)	514
2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық		235,794,400	647	2,357,944	685,322,567	76,459,383	999,934,941
Бір жылға пайда		-	-	-	-	158,402,451	158,402,451
Өзге жиынтық кіріс		-	-	-	-	-	-
2022 жылға жиынтық кіріс жиыны		-	-	-	-	158,402,451	158,402,451
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта үлестіру	20	-	-	-	119,033,091	(119,033,091)	-
2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық		235,794,400	647	2,357,944	804,355,658	115,828,743	1,158,337,392

**«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есептеме**

Қазақстандық мың теңгемен	Ескер.	2022 ж.	2021 ж.
Операциялық қызметтен ақша ағындары			
Міндетті күнтізбелік жарналар түсімі		31,478,651	30,795,351
Тарату комиссиясынан түсім		10,257,682	24,245,281
Орналасырылған салымдар бойынша сыйақылар түсімі		10,451,798	10,896,107
Амортизацияланатын құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы		84,880,733	65,518,169
Салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу үшін агент банктерге аударым		(206,447)	(20,360,492)
«Кері РЕПО» операциялары бойынша алынған сыйақы		26,119	-
Салымшылар талап етпеген соманы агент-банктен қайтару		949,518	-
БЖЗҚ-дан қайтару		480	-
Салымшыларға кепілдік берілген өтем төлемдері		(835,252)	2,211
Өзге алынған операциялық табыс		13,026	15,206
Қызметкерлерді ұстауға кеткен шығындар		(639,686)	(574,730)
Төленген әкімшілік және өзге операциялық шығындар		(725,629)	(558,503)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары		135,650,993	109,978,600
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Амортизацияланған құн бойынша көрініс табатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар сатып алу		(412,611,818)	(188,568,634)
Амортизацияланған құн бойынша көрініс табатын борыштық бағалы қағаздарды жабу және сатудан түсім		211,067,000	183,080,491
Негізгі құралдарды сатып алу		(12,541)	(12,063)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(12,019)	(1,334)
Инвестициялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары		(201,569,378)	(5,501,540)
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттары баламаларына айырбас бағамы өзгерістерінің әсері		-	2
Ақша қаражаттарының және ақша қаражаттары баламаларының таза өсімі/(төмендеуі)		(65,918,385)	104,477,062
Жыл басына ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	7	170,645,464	66,168,402
Жыл соңына ақша қаражаттары және ақша қаражаттары баламалары	7	104,727,079	170,645,464

1 Кіріспе

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Қор») осы қаржылық есептілігі 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған.

Қор Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 393 қаулысы негізінде құрылған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы № 2979-1910-06-АО куәлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Алматы қаласының Әділет департаментімен 2010 жылғы 24 қыркүйекте берілген. Қордың алғашқы мемлекеттік тіркеуден өткен күні - 1999 жылғы 20 желтоқсан. Қорға БСН 991240000414 берілді.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен Қорға 1999 жылғы 22 желтоқсанда КҰЖЖ мемлекеттік жіктеуіші бойынша 39097277 коды берілген.

1999 жылғы 23 желтоқсандағы № 115737, сериясы 60 Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің куәлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алматы қаласы Медеу ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер комитетімен берілген.

2015 жылғы 13 қаңтардағы № 11 ҰБ шартына сәйкес Қордың қаржылық активтерін жауапкершілікпен сақтау және сенімгерлікпен басқару жөніндегі қызметтерді ҚРҰБ жүзеге асырады.

Қор акционерлерінің тізілімдері жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ жүзеге асырады. Қор акционерлерінің тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі орталық депозитарийдің қызметі «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2011 жылғы 28 желтоқсанда енгізілген өзгерістерге байланысты уәкілетті органның лицензиялауына жатпайды.

Өз қызметінде Қор Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының және ҚРҰБ өзге нормативтік құқықтық актілерін, Жарғысын, Жалғыз акционердің және Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.

Міндеттері мен Функциялары

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заң) сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мақсаты қатысушы-банк барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылған жағдайда салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу арқылы, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, оның ішінде банк жүйесіне деген сенімді сақтау болып табылады.

Қордың негізгі міндеттері:

- қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу;
- қатысушы-банк* барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған жағдайда кепілдік берілген депозиттер депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

*Қатысушы-банк - депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын, тартылған депозиттерін қайтару жөніндегі міндеттемелеріне Депозиттерге кепілдік беру туралы заңға сәйкес кепілдік берілетін банк (Қазақстан Республикасының резидент емес банкінің филиалы).

1 Кіріспе (жалғасы)

Қордың негізгі функцияларына мыналар жатады:

- Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның талаптарына сәйкес кепілдік берілген өтемді төлеу;
- қатысушы-банктердің тізілімін жүргізу;
- Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның 16 бабында қарастырылған жағдайда банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізуге қатысу;
- активтерді инвестициялау;
- арнайы резервті қалыптастыру;
- Қордың Директорлар кеңесі айқындаған тәртіппен агент-банктерге қойылатын талаптарды белгілеу;
- Қордың Директорлар кеңесі айқындаған тәртіппен кепілді өтемді төлеуді жүргізу үшін агент-банктердің алдын ала тізбесін бекіту;
- қатысушы-банкті консервациялау кезеңінде тағайындалатын банкті басқару жөніндегі уақытша өкімшіліктің құрамына қатысу;
- қатысушы-банкті барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша өкімшіліктің құрамына қатысу;
- тарату комиссиясы Қор алдында ол төлеген (төлейтін) кепілді өтемнің сомасы бойынша берешекті өтеген кезге дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-банктің (қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалы) тарату комиссиясының құрамына қатысу;
- тарату комиссиясы Қор алдында ол төлеген (төлейтін) кепілді өтемнің сомасы бойынша берешекті өтеген кезге дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-банктің (қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалы) кредиторлар комитетінің құрамына қатысу.

Жалғыз акционері ҚРҰБ болып табылады. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар туралы ақпарат 24 Ескертпеде берілген.

Заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Сәтпаев көш., 30/8 үй, 163 (4 қабат)

2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

2022 жылы Қазақстан экономикасы мен қаржы секторы геосаяси шиеленіс пен жоғары белгісіздік жағдайында дамыды. Жаһандық экономикаға өндіріс, логистика және сауда байланыстарының үзілуі әсер етті, бұл іскерлік белсенділіктің төмендеуіне әкеліп соқты және бағаның жаппай өсуіне түрткі болды. Рекордтық инфляция көрсеткіштері орталық банктердің тарапынан соңғы екі онжылдықтағы ең қатаң ақша-несие саясаты түріндегі реакциясын тудырды. Алайда, сыртқы жағымсыз факторларға қарамастан, Үкімет қабылдаған шаралар мен ҚРҰБ ақша-несие саясатының шаралары нәтижесінде терең құлдырау болдырылмады және экономикалық өсу қарқыны оңды күйінде қалды. Осылайша, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасы 3,1% деңгейінде тұрақты өсімге қол жеткізді.

2022 жылдың басында қаңтар оқиғасы аясында ел экономикасына сыртқы күйзеліс салдарының таралуын болдырмау, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және теңге активтерін қорғау мақсатында ҚРҰБ базалық мөлшерлемені 2022 жылғы қаңтарда 9,75%-дан 10,25%-ға дейін өсірді. Алайда, Ресей мен Украина арасындағы әскери қақтығысқа байланысты инфляцияға қарсы және геосаяси тәуекелдердің одан әрі артуы реттеушінің 2022 жылдың ақпан айының соңында базалық мөлшерлемені 13,5%-ға дейін арттыру туралы шешіміне әкелді. Инфляциялық процестерді тұрақтандыру қажеттілігі, сондай-ақ, орта мерзімді болашақтағы инфляциялық күтулер ҚРҰБ тарапынан базалық мөлшерлеменің бірқатар ұлғаюына әкелді және оның деңгейі жыл соңында 16,75%-ды құрады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция деңгейі 20,3%-ды құрады. Бұл ретте, ең жағымсыз үрдістер мен күтулердің баяулауын ескере отырып, ҚРҰБ риторикасы базалық мөлшерлеменің ұлғаю циклінің аяқталуын көрсетеді, ал оның одан әрі өсу әлеуеті шектеулі.

2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)

Базалық мөлшерлеменің өсуіне қарай Қор халықтың теңгедегі депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелерді көтерді. Сонымен қатар, депозит нарығын тұрақтандыру мақсатында Үкімет ҚРҰБ-мен бірлесіп, 2023 жылы жылдық 10 пайыз көлемінде өтемақы (сыйақы) төлеуді көздейтін теңгелік депозиттерді қорғау бағдарламасын іске асыру туралы хабарлады.

Қаржы секторы үшін тағы бір қиындық және стресс факторы OFAC шешімімен ресейлік банктерді SDN санкциялар тізіміне енгізу болды, бұл олардың Қазақстандағы еншілес банктерінің одан әрі толыққанды қызмет ету мүмкіндігін шектеді. Бұл банктердің депозиттік базасының көлемінің аздалуына және депозиттердің банк жүйесінде қайта орналастырылуына әкелді. Қаржы реттеушісі банктермен және «Бәйтерек» ҰБХ-мен бірлесіп ресейлік банктердің еншілес ұйымдарын сатып алу және қайта қаржыландыру, одан кейін ребрендинг бойынша шаралар қабылдады. Реттеушінің және банктердің уақытылы шаралары соңғыларға тұтастай алғанда елдің қаржылық тұрақтылығына қауіп төндірмей, тұтынушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндік берді.

Жалпы, мемлекет қабылдаған шаралар халықтың теңгелік депозиттерінің қысқаруына жол бермеуге, екінші деңгейлі банктердің қорлану базасын тұрақтандыруға, долларлану мен валюта бағамына қысымды төмендетуге мүмкіндік берді. Осылайша, депозиттердің долларлануы 2022 жылғы ақпандағы 38.4%-дан қарашадағы 34.2%-ға дейін төмендеді, ал депозиттер есепті жылдың қазанында тарихи максимумға - 30.0 триллион теңгеге жетті. Халық тарапынан теңгелік активтерге қызығушылықтың сақталуы инфляциялық қысымды төмендетуге ықпал етеді.

ҚРҰБ ресми бағамы 2022 жылғы 31 желтоқсандағы 1 АҚШ доллары үшін 462.65 теңгемен салыстырғанда осы есепті шығару күніне 1 АҚШ долларына 449.14 теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 431.67 теңге).

2022 жылдың қыркүйегінде S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның егемендік рейтингін «BBB-» деңгейінде растады. Несие рейтингінің болжамы сыртқы және қаржылық тәуекелдердің өсуі нәтижесінде «теріс» деңгейіне дейін төмендетілді. Fitch агенттігі Қазақстанның ұзақ мерзімді рейтингін «BBB» деңгейінде «тұрақты» болжаммен растады. Тұрақты болжамды үкіметтің күшті фискалдық және сыртқы балансы, мұнай түсімдерінің жинақталған жинақтарымен қамтамасыз етілген қаржылық икемділігі, таза қаржылық кредитор позициясы және Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асыратын шаралары қолдайды.

3 Есептік саясат принциптері

Есептілік беру негіздері

Осы қаржылық есептілік әділ құн бойынша қаржылық құралдарды бастапқы тануға және пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық құралдарды қайта бағалауға түзету енгізумен әділ құн бойынша есепке алу қағидаларының негізінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған. Осы қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде пайдаланылған есептік саясат қағидалары төменде берілген. Бұл қағидалар, егер басқаша көрсетілмесе, барлық есеп беру кезеңдерінде дәйекті түрде қолданылды (5 Ескерту).

Осы қаржылық есептілік Қор өз қызметін көз жетерлік болашақта жалғастыратын болады деген жорамалға сүйене отырып әзірленген.

Функционалдық валюта

Қордың қаржылық есептілігіне енгізілген баптар Қордағы қолданылатын бастапқы экономикалық орта валютасымен («функционалдық валютамен») өлшенеді. Қордың функционалдық валютасы және осы қаржылық есептілігін көсету валютасы қазақстандық теңге (теңге) болып табылады. Барлық мәндер, өзгесі көрсетілмеген болса, бүтін мың теңгемен дөңгелектелген.

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Қаржылық құралдар

Қаржылық құралдар – бағалаудың негізгі тәсілдері

Әділ құн – активті сату үшін алынатын немесе бағалау күніндегі нарық қатысушылары арасындағы реттелген мәміледе міндеттемені аудару үшін төленетін баға. Әділ құнның ең жақсы дәлелі белсенді нарықтағы котировка бағасы болып табылады. Белсенді нарық – бұл актив немесе міндеттеме бойынша операциялар тұрақты негізде бағалау ақпаратын алуға мүмкіндік беретін жеткілікті жиілік пен көлемде жүзеге асырылатын нарық. Белсенді нарықта сатылатын қаржы құралдарының әділ құны жеке актив немесе міндеттеме үшін белгіленген бағаны ұйым иелігіндегі санға көбейту арқылы алынған сома ретінде өлшенеді. Бұл нарықтың қалыпты күнделікті саудасаттық көлемі ұйымның активтері мен міндеттемелерінің сомасын сіңіру үшін жеткіліксіз болса да және жеке мәміледе позицияларды сатуға өтінімдерді орналастыру белгіленген бағаға әсер етуі мүмкін жағдай.

Дисконтталған ақша ағыны үлгісі сияқты бағалау үлгілері, сондай-ақ байланысты емес тараптар арасындағы ұқсас операциялардың деректеріне немесе инвестиция нысанының әділ құнына негізделген моделдер нарықтық баға туралы ақпарат жоқ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін пайдаланылады. Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархиясының деңгейлеріне келесідей бөлінеді: (i) 1-деңгей белсенді нарықтардағы бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белгіленген (түзетілмеген) бағалар бойынша бағалауды қамтиды, (ii) 2-деңгей бағалауды - тікелей (мысалы, бағалар) немесе жанама (мысалы, бағалардан есептелген) пайдаланылған барлық маңызды бастапқы деректер актив немесе міндеттеме үшін бақыланатын бағалау үлгілері қамтиды, және (iii) 3-деңгейдегі бағалаулар, тек қана бақыланатын нарық деректері бойынша негізделмеген (яғни бағалау үшін бақыланбайтын деректердің айтарлықтай көлемі қажет) бағалау (22 Ескертпе).

Мәмілелер бойынша шығындар қаржылық құралды сатып алуға, шығаруға немесе істен шығуына қатысты қосымша шығындар болып табылады. Қосымша шығындар – бұл мәміле жасалмай қалған жағдайда шегілмеуі мүмкін шығындар. Мәміле бойынша шығындар агенттерге (соның ішінде сауда агенттері ретінде жұмыс істейтін жұмыскерлер), кеңесшілерге, брокерлерге және дилерлерге төленген төлемақылар мен комиссиялық алымдарды, реттеуші органдар мен қор биржаларына міндетті төлемдер, сондай-ақ салықтар мен меншікті тапсырғанда алынатын алымдарды ішіне алады. Мәміле бойынша шығындар сыйақыларды немесе борыштық міндеттемелер бойынша дисконттарды, қаржыландыруға кететін шығындарды, ішкі әкімшілік шығыстарды немесе сақтауға кететін шығындарды ішіне алмайды.

Амортизацияланған құн – бұл қаржылық құралдың бастапқы тану кезіндегі құны, есептелген пайыздарды қоса алғанда, негізгі қарызды өтеу шегерілген және қаржылық активтер үшін күтілетін кредиттік шығындарға резерв шегерілген. Есептелген пайыздар бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған мәміле бойынша шығындардың амортизациясын және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, өтеу сомасынан кез келген сыйлықақыны немесе дисконтты қамтиды. Есептелген пайыздық кіріс пен есептелген пайыздық шығыс, соның ішінде есептелген купондық кіріс пен амортизацияланған дисконт немесе сыйлықақы (бар болса, кейінге қалдырылған комиссияны қоса алғанда) бөлек көрсетілмейді, бірақ қаржылық жағдай туралы есептің тиісті баптарының баланстық құнына қосылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл құралдың теңгерімдік құнына әр кезеңде тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлемені) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішіндегі пайыздық табысты немесе пайыздық шығынды бөлу әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құралдың күтілетін жарамдылық мерзіміне немесе, тиісті жағдайларда, қаржылық құралдың жалпы теңгерімдік құнына дейінгі қысқарақ мерзімге есептік болашақ ақшалай төлемақыларды немесе түсімдерді (болашақ кредиттік зияндарды қоспағанда) дисконттаудың дәл мөлшерлемесі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме осы құрал үшін көрсетілген құбылмалы мөлшерлеме бойынша кредиттік спредті көрсететін сыйақыны немесе дисконтты қоспағанда, келесі пайызды өзгерту күніне дейін айнымалы мөлшерлемесі бар құралдар бойынша немесе нарықтық мәнге тәуелсіз орнатылатын басқа айнымалы факторлар бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құрал айналысының барлық күтілетін мерзімі бойы амортизацияланады. Келтірілген құн есебі шарт бойынша тараптар төлеген немесе алған, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын төлемақылар мен сыйақылардың барлығын ішіне алады. Бастапқы тану кезінде кредиттік-құнсыздандырылған (РОСІ) қаржылық активтермен сатып алынған немесе құрылған болып табылатын активтер үшін тиімді пайыздық мөлшерлеме кредиттік тәуекел ескеріле отырып түзетіледі, яғни келісімшарттық ақша ағындары негізінде емес, бастапқы тану кезінде күтілетін ақша ағындары негізінде есептеледі.

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Қаржылық құралдарды бастапқы тану

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша танылады. Барлық басқа қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғандағы әділ құны бойынша танылады. Бастапқы тану кезінде әділ құнның ең жақсы дәлелі мәміле бағасы болып табылады. Бастапқы тану кезіндегі кіріс немесе залал әділ құн мен мәміле бағасының арасында айырмашылық болған жағдайда ғана танылады, бұл сол құралдағы басқа ағымдағы нарықтық бақыланатын операциялармен немесе бағалау үлгісі ретінде тек бақыланатын нарықтық деректерді пайдаланатын бағалау үлгісімен дәлелденеді. Бастапқы танудан кейін амортизацияланған құн бойынша өлшенген қаржы активтері және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарға инвестициялар үшін күтілетін кредиттік шығындарға резерв танылады, бұл активті бастапқы танығаннан кейін дереу бухгалтерлік шығынға әкеледі.

Осы нарық үшін заңмен немесе әдет-ғұрыппен белгіленген мерзімде жеткізілуі тиіс қаржы активтерін сатып алу және сату («стандартты шарттарда» сатып алу және сату) сауда күні, яғни Қор қаржылық активті сатып алу немесе сату туралы міндеттеме алған күні көрсетіледі. Барлық басқа сатып алу операциялары ұйым қаржы құралына қатысты шарттың тарапы болған кезде танылады.

Қаржылық активтерді жіктеу және кейін бағалау: бағалау санаттары

Қор келесі бағалау санаттарын пайдалана отырып, қаржылық активтерді жіктейді: пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар және амортизацияланған құн бойынша бағаланатындар. Борыштық қаржылық активтерді жіктеу және кейін бағалау мыналарға байланысты: (i) тиісті активтер қоржынын басқаруға арналған Қордың бизнес-моделіне және (ii) актив бойынша ақша ағындары сипаттамаларына.

Қаржылық активтерді жіктеу және кейін бағалау: бизнес-модель

Бизнес-модель ақша ағындарын алу мақсатында Қордың активтерді басқару үшін пайдаланатын тәсілін көрсетеді: Қор мақсаты (i) активтерден шартпен қарастырылған ақша ағындарын алуға ғана («шартпен қарастырылған ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу»), немесе (ii) шартпен қарастырылған ақша ағындарын да, активтерді сату нәтижесінде пайда болатын ақша ағындарын да алу («шартпен қарастырылған ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу»), немесе, егер (i) тармағы да, (ii) тармағы да қолдануға келмейтін болса, қаржылық активтер «өзге» бизнес-моделдер санатына жатады және пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланады.

Бизнес-модель Қордың бағалау өткізілетін күні қолда бар қоржынға белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін жүзеге асыруға ниетті қызметінің барлық тиісті дәлелдерінің негізінде активтер тобы үшін (қоржын деңгейінде) анықталады. Бизнес-моделді анықтағанда ескерілетін факторлар В ішіне алатын 4 Ескертпеде өзінің қаржылық активтері үшін бизнес-моделдерді анықтағанда пайдаланылған өте маңызды пайымдамалар келтіріледі.

Қаржылық активтерді жіктеу және кейін бағалау: ақша ағындары сипаттамалары

Егер бизнес-модель шартпен қарастырылған ақша ағындарын алу үшін немесе шартпен қарастырылған ақша ағындарын алу және сату үшін активтерді ұстап қалуды көздейтін болса, Қор ақша ағындарының тек қана борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне төленетін төлемдер болып табыла ма екенін бағалайды («борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне ғана төленетін төлемдерге жүргізілетін тест» немесе «SPPI-тест»). Кіріктірілген туынды құралдары бар қаржылық активтер олар бойынша ақша ағындарының борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне ғана төлене ме екенін анықтау үшін жиынтықталып қарастырылады. Осы бағалауды өткізгенде Қор шартпен қарастырылған ақша ағындарының базалық кредиттік шарт талаптарына сәйкес келе ме екенін қарастырады, яғни пайыздар кредиттік тәуекелге, ақшаның уақытша құнына, базалық кредиттік шарттың басқа тәуекелдеріне қатысты өтем мен пайда айырмасын ғана ішіне алады.

Егер шарт талаптары базалық кредиттік шарт талаптарына сәйкес келмейтін тәуекелге немесе құбылмалылыққа ұшырағыштықты қарастыратын болса, сәйкес қаржылық актив пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеліп, бағаланады. Борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне ғана төленетін төлемдерге жүргізілетін тест активті бастапқы танығанда жүргізіледі және кейінгі қайта бағалау жүргізілмейді.

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Қаржылық активтерді қайта жіктеу

Қаржылық құралдар тұтас осы қоржынды басқарудың бизнес-моделі өзгерген жағдайда ғана қайта жіктеледі. Қайта жіктеу бизнес-модель өзгергеннен кейін бірінші есепті кезең басынан перспективті түрде жүргізіледі.

Қаржылық активтердің құнсыздануы: күтілетін кредиттік зияндарға бағалау резерві

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар күтілетін кредиттік зияндарға бағалау резервін шегерумен қаржылық жағдай туралы есепте беріледі. Күтілетін кредиттік зияндарға бағалау резерві ескерілмей, өзге жиынтық кіріс арқылы өділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдардың амортизацияланған құнындағы өзгерістер пайда немесе зиян құрамында көрініс табады. Теңгерімдік құндағы басқа өзгерістер өзге жиынтық кіріс құрамында «өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыштық құралдардан шығысты шегергендегі табыс» бабында көрініс табады.

Қор бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік сапа өзгерістерінің негізінде құнсыздануды есепке алудың «үшкезеңдік» моделін қолданады. Бастапқы танығанда құнсызданған болып табылмайтын қаржылық құрал 1-кезеңге жататын деп жіктеледі. 1-кезеңнің фазалық активтері үшін күтілетін кредиттік зиян келесі 12 ай ішінде немесе егер ол 12 ай өткенге дейін («12-айлық күтілетін кредиттік зияндар») басталатын болса, шартқа сәйкес өтеу күніне дейін орын алуы мүмкін дефолттар нәтижесінде пайда болатын бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік зияндар бөлігіне тең сомамен бағаланады. Егер Қор бастапқы тану сәтінен кейін кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артқанын анықтаса, актив 2-кезеңге аударылады, ал осы актив бойынша күтілетін кредиттік зияндар бүкіл мерзімге, яғни шартқа сәйкес өтеу күніне дейін, бірақ егер көзделген болса, күтілетін алдыңғы төлемді ескерумен («бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік зияндар») күтілетін кредиттік зияндар негізінде бағаланады. Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артқанын анықтау тәртібінің сипаттамасы 20 Ескертпеде келтіріледі. Егер Қор қаржылық активті құнсызданған деп анықтаса, актив 3-кезеңге аударылады және ол бойынша күтілетін кредиттік зияндар бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік зияндар ретінде бағаланады. Құнсызданған активтер мен дефолтты анықтауға қатысты түсіндірмелер 20 Ескертпеде берілген. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер үшін күтілетін кредиттік зияндар әрдайым бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік зияндар ретінде бағаланады. 20 Ескертпеде бастапқы деректер, жорамалдар және күтілетін кредиттік зияндарды бағалағанда пайдаланылатын есептеу әдістері туралы ақпарат, соның ішінде болжамды ақпаратты күтілетін кредиттік зияндар моделіне қосу тәсілінің түсіндірмесі келтіріледі.

Қаржылық активтерді есептен шығару

Қаржылық активтер Қор оларды өндіріп алу бойынша барлық тәжірибелік мүмкіндіктерін тауысып, осындай активтердің орнын толтыруға қатысты болжалдардың негізсіздігі туралы байламға келгенде тұтастай немесе ішінара есептен шығарылады. Есептен шығару тануды тоқтату болып табылады. Қорда өндіріп алуға қатысты негізді болжалдары болмаса да, Қор шарт бойынша берешек сомаларын өндіріп алуға тырысып жатқанда Қор мәжбүрлеп өндіріп алу бойынша шаралар әлі қолданылып жатқан қаржылық активтерді есептен шығара алады.

Қаржылық активтерді тануды тоқтату

Қор қаржылық активтерді тануды келесі жағдайларда тоқтатады: (а) осы активтер өтелгенде немесе осы активтермен байланысты ақша ағындарына құқықтардың жарамдылық мерзімі өтіп кеткенде, немесе (б) Қор қаржылық активтерден ақша ағындарына құқықтарды табыстағанда немесе табыстау туралы келісім жасасқанда, және бұл ретте (i) осы активтерді иеленумен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен сыйақыларды табыстағанда, немесе (ii) осы активтерді иеленумен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен сыйақыларды әрі табыстамаған, әрі сақтамаған, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығынан айырылып қалғанда. Егер контрагентте активті байланысты емес үшінші тарапқа сатуға шектеулер енгізбестен толық сатуға іс жүзінде мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

Қаржылық активті тануды толық тоқтатқанда активтің теңгерімдік құны мен алынған және алынуға тиіс сыйақы сомасы арасындағы айырма, сондай-ақ өзге жиынтық кірісте танылған және капиталда жинақталған жиынтық пайда немесе зиян пайда немесе зиянға жатқызылады.

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелерді бағалау санаттары

Қаржылық міндеттемелер мыналарды, атап айтқанда, (i) пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді: бұл жіктелім туынды қаржылық құралдарға, саудаға арналған қаржылық міндеттемелерге (мысалға, бағалы қағаздар бойынша қысқа жайғасымдар), бизнесті біріктіргенде сатып алушы мойындайтын шартты өтеме және бастапқы тану кезінде сондай ретінде анықталған басқа қаржылық міндеттемелерге қолданылады; және (ii) кепілдік шарттары мен кредиттерді беру жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, нәтижесінде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржылық міндеттемелерді тану олар өтелген жағдайда (яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда немесе тоқтатылғанда, немесе оны орындау мерзімі өткенде) тоқтатылады.

Бастапқы кредиторлары арасындағы шарттары айтарлықтай ерекшеленетін борыштық құралдарды алмасу, сондай-ақ бар қаржылық міндеттемелер шарттарындағы елеулі түрлендірулер бастапқы қаржылық міндеттеменің өтелуі және жаңа қаржылық міндеттеменің танылуы ретінде есепке алынады. Шарттар, егер жаңа шарттарға сәйкес дисконтталған келтірілген ақша ағындары құны, соның ішінде бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме пайдаланыла отырып дисконтталған алынған сыйақыларды шегергендегі барлық төленген сыйақылар бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кем дегенде 10%-ға ерекшеленеді. Егер борыштық құралдарды алмасу немесе шарттарды түрлендіру өтеу ретінде есепке алынатын болса, барлық шығындар немесе төленген сыйақылар өтеуден болған пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер алмасу немесе түрлендіру өтеу ретінде есепке алынбайтын болса, барлық шығындар немесе төленген сыйақылар міндеттемелердің төңгерімдік құнын түзету ретінде көрініс табады және түрлендірілген міндеттеменің қалған жарамдылық мерзімі бойы амортизацияланады.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу

Қаржылық актив және қаржылық міндеттеме есепке алынады, әрі қаржылық жағдай туралы есепте, егер Қорда төңгерімде танылған сомаларды есепке алуды жүзеге асыруға бекітілген құқығы бар және ол не сальдоланған сома бойынша есепке алуды жүргізуге, не активті жүзеге асырып, біруақытта міндеттемені орындауға ниеттенсе ғана, сальдоланған сома көрініс табады. Бухгалтерлік есеп стандартымен немесе тиісті түсініктемемен талап етілетін немесе рұқсат етілетін жағдайларды қоспағанда, табыс пен шығыс пайда немесе зиян және өзге жиынтық кіріс туралы есепте өзара есепке алынбайды, бұл ретте мұндай жағдайлар Қордың есептік саясатында жеке ашып көрсетіледі.

Қаржылық құралдар – қаржылық жағдай туралы есеп бөлігінде

Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары – қаржылық жағдай туралы есепте амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын туынды емес қаржылық активтер. Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары қолма-қол ақшаның белгілі бір сомасына оңай айырбасталатын және құнның болмашы өзгерісіне ұшырағыш баптар болып табылады. Ақша қаражаттары және оның баламалары Қордың банк шоттарындағы қаражат және депозиттерге орналастырылған қаражат болып табылады. Ақша қаражаттары және оның баламалары ҚРҰБ Операциялық есеп департаменті (ОЕД) ағымдағы шоттарындағы, ҚРҰБ, «Қазпошта» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жинақтаушы, депозиттік, инвестициялық және басқа шоттарындағы меншікті ақша қалдықтарын өз ішіне алады.

Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар

Бизнес-модель және ақша ағындары сипаттамалары негізінде Қор борыштық бағалы қағаздары инвестицияларды амортизацияланған құн бойынша, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша немесе пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағалау санаттарына жатқызады. Борыштық бағалы қағаздар, егер олар шартпен көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстап қалынатын болса, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, осы ақша ағындары борыштық негізгі сомасы мен пайыздар есебіне төлемдер ғана және есептік сәйкессіздікті айтарлықтай төмендету үшін ерікті негізде пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар ретінде анықталмаған.

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Борыштық бағалы қағаздар, егер олар шартпен көзделген ақша ағындарын алу және сату үшін ұстап қалынатын болса, өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша көрсетіледі, олар борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне төленетін төлемдер болып табылады және олар пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар ретінде анықталмаған. Осы активтер бойынша пайыздық табыс тиімді пайыздық мөлшерлеме едісінің негізінде есептеледі және пайда не зиян құрамында танылады. Күтілетін кредиттік зиян моделі негізінде анықталған құнсыздануға арналған бағалау резерві бір жылға пайда не зиян құрамында көрініс табады. Теңгерімдік құнның басқа барлық өзгерістері өзге жиынтық кіріс құрамында көрініс табады. Борыштық бағалы қағазды тану тоқтатылғанда бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жиынтық пайда немесе зиян өзге жиынтық кірістан пайда не зиян құрамына қайта жіктеледі.

Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар, егер амортизацияланған құн бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша көрсету үшін өлшемшарттарға сәйкес келмейтін болса, пайда не зиян арқылы әділ құны бойынша көрініс табады. Қор борыштық бағалы қағаздарға инвестицияларды, егер осы мүмкіндікті пайдалану әртүрлі есепке алу әдістерін пайдалана отырып, танылатын немесе бағаланатын қаржылық активтер мен міндеттемелер арасындағы есептік сәйкессіздікті айтарлықтай төмендететін болса, бастапқы тану кезінде пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар санатына сөзсіз жатқыза алады.

Дебиторлық берешек белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін бекітілген немесе белгілі бір төлемдері бар туынды емес қаржылық активтер болып табылады. Бастапқы бағалағаннан кейін дебиторлық берешек құнсыздануға арналған резервті шегерумен тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы-банктерінің міндетті күнтізбелік жарналары бойынша дебиторлық берешек өткен тоқсанға қатысушы-банктердің тиісті жарналарының сомасы есептеуге негіз болатын дербес жүргізілген тоқсан сайынғы есептік бағалаулар мөлшерінде Қор тарабынан алғаш танылады.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заң ережелеріне сәйкес қатысушы-банктің жарналарды төлеу мөлшері мен тәртібін Қордың Директорлар кеңесі айқындайды. Қор Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № 18 шешімімен бекітілген Міндетті күнтізбелік, қосымша және кезектен тыс жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін айқындау қағидаларының (бұдан әрі – № 18 Қағида) ережелеріне сәйкес, қатысушы-банк есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесіне дейін Қорға міндетті күнтізбелік жарналарды төлеуге міндеттенеді.

Жарналардың мөлшері есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша қатысушы-банктің барлық кепілдік берілетін депозиттерінің жалпы сомасына міндетті күнтізбелік жарна мөлшерлемесін қолдану жолымен анықталады.

Сату және кері сатып алу шарттары бойынша мәмілелер, бағалы қағаздар қарызы

Өз қызметін жүзеге асыру барысында Қор қаржылық активтерді сату және кері сатып алу туралы келісімдерді (бұдан әрі – «РЕПО шарттары»), сондай-ақ сатып алу және кері сату туралы келісімдерді (бұдан әрі – «Кері РЕПО шарттары») жасасады. РЕПО және кері РЕПО операцияларын Қор өтімділікті басқару құралдарының бірі ретінде пайдаланады.

РЕПО келісімдері – қаржы активтерін басқа тарапқа ақшалай қаражатқа немесе басқа сыйақыға айырбастау, алынған сыйақыға баламалы сомаға болашақта қаржы активтерін қайта сатып алу туралы бір мезгілде міндеттемемен және есептелген пайызбен беру туралы келісімдер. РЕПО операциялары қаржыландыру операциялары ретінде есепке алынады. РЕПО келісімдері бойынша сатылған қаржы активтері қаржылық есептілікте танылуы жалғасуда, ал мұндай шарттар бойынша алынған қаражат активтер кепілімен алынған депозит ретінде танылады.

Кері РЕПО шарттары бойынша жасалатын операциялар есепте қаржыландыру операциялары ретінде көрініс табады. РЕПО шарттары бойынша сатылған қаржылық активтер қаржылық есептілікте көрініс табуын жалғастырады, ал осындай келісімдер бойынша алынған қаражат активтер кепілімен қамтамасыз етілген алынған депозит ретінде көрініс табады.

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Қор бағалы қағаздар бойынша РЕПО шарттарын және бағалы қағаздармен қарыз мәмілелерін жасасады. Осылар арқылы ол кәдімгі нарықтық тәжірибеге сәйкес кепілзат алады немесе табыстайды. ҚР және ТМД басқа елдерінде кері сатып алу операцияларының стандартты шарттарына сәйкес кепілзат алушы мәміле бойынша есептеу кезінде баламалы бағалы қағаздарды қайтарған жағдайда кепілзатты сатуға немесе қайта салуға құқылы.

Контрагенттерге бағалы қағаздарды табыстау меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен тиімділіктер де табысталатын жағдайда ғана қаржылық жағдай туралы есепте көрініс табады.

Кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер – мәжбүрлеп таратылатын банктердің немесе барлық банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған, депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы-банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу жөніндегі Қор міндеттемелері.

Қор қатысушы-банк депозиторларына кепілдік берілген өтемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді қатысушы-банктің барлық банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған күннен бастап қабылдайды.

Қатысушы-банк барлық банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған жағдайда Қор арнайы резервтің жеткілікті немесе тапшы болу көлемін анықтайды. Арнайы резерв тапшылығы арнайы резерв мөлшері мен Қордың кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша депозиторлар алдындағы міндеттемелері арасындағы айырма ретінде айқындалады. Арнайы резерв жеткіліксіз болған жағдайда Қор тапшылықты қатысушы-банктердің қосымша жарналары есебінен жабады. Қатысушы-банктердің қосымша жарналарының есебі олардың міндетті күнтізбелік жарналарының есебіне ұқсас жүргізіледі. Арнайы резерв жетіспеген және тапшылықты қосымша-жарналар есебінен жабу мүмкін болмаған жағдайда Қор ҚРҰБ-тен жетіспейтін ақша сомасына қарыз алу есебінен міндеттемелерді өтейді.

Кепілді өтемді төлеу арнайы резерв портфелінің активтері есебінен Қор және агент-банктердің алдын ала тізімінен таңдалған агент-банк (агент-банктер) арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте агент-банкке (агент-банктерге) кепілді өтем сомасын және салымшыларға кепілді өтемді төлеу рәсімдерін жүзеге асыруға байланысты шығыстарды аударудың талаптары мен тәртібі Қормен жасалған кепілді өтемді төлеу туралы шартта айқындалады.

2021 жылғы 1 мамырдан бастап, кепілді өтемді төлеу мерзімі төлем басталған күннен бастап 1 жыл болып белгіленді, кейіннен талап етілмеген сомаларды «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі –БЗЖҚ) салымшылардың зейнетақы шоттарына ерікті зейнетақы жарналары ретінде (БЗЖҚ-мен деректерге салыстыру жүргізілгеннен кейін) аударылады. Осылайша, Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңға сәйкес Қордың салымшыларға кепілді өтемді төлеу жөніндегі міндеттемелері кепілді өтемді төлеу басталған күннен бастап 1 жыл өткен соң және (немесе) депозиттердің талап етілмеген сомасы БЗЖҚ-на аударылғаннан кейін тоқтатылады.

Кепілдік берілген өтем

Кепілді өтем – Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңға сәйкес Қордың кепілдік берілген депозит бойынша салымшыға төлеуге жататын ақша сомасы. Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңға сәйкес, салымшы (-лар) банк шоттарында орналасқан және банк шотында және (немесе) куәландырылған кепілдік берілген депозит(тер) бойынша ақша қалдығы сомасында кепілді өтем төлемін, қатысушы-банктің барлық банк операцияларын жүргізуге лицензиясынан айыру күніне есептелген осындай депозиттер бойынша сыйақы сомасын қоса алғанда, депозиттің әрбір түрі үшін белгіленген кепілді өтемнің ең жоғары мөлшері шегінде алады:

- 20 миллион теңгеден аспайтын ұлттық валютадағы жинақ салымдары (депозиттері) бойынша;
- 10 миллион теңгеден аспайтын ұлттық валютадағы басқа депозиттер бойынша;
- 5 миллион теңгеден аспайтын шетел валютасындағы депозиттер бойынша.

Депозитордың қатысушы-банкте, түрі және валютасы бойынша алуан, бірнеше кепілдік берілген депозиттері бар болған жағдайда, Қор олар бойынша 20 миллион теңгеден аспайтын кепілді өтемнің жиынтық сомасын төлейді.

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Қор, қатысушы-банк барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған жағдайда салымшыларға кепілді өтемді төлеу бойынша өз міндеттемелеріне күтілетін кредиттік залалдарды (Expected Credit Losses - ECL), Резервтерді есептеу әдістемесіне¹ сәйкес, олардың дефолтқа ұшырау ықтималдығын және банкті мәжбүрлеп тарату үрдісінде қалпына келтіруге жатпайтын қаражат үлесін есепке ала отырып есептейді. Банктің дефолт ықтималдығы төуекелдерді жіктеу тобына байланысты анықталады, бұл өз кезегінде банктің төуекелге ұшырау дәрежесін көрсетеді. Төуекелдерді жіктеу тобы капиталдың жеткіліктілігін, активтердің сапасын, табыстылығын және өтімділігін талдау негізінде анықталады. Банктерді тарату процесінде өндіріп алуға жатпайтын қаражат үлесі салымшыларға кепілді өтемді төлеу және банктерді мәжбүрлеп тарату процесінде төленген қаражатты қайтару туралы тарихи деректер негізінде айқындалады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар түскен сәтінде негізгі құралдарды сатып алу бойынша барлық нақты жүргізілген қажетті шығындарды өз ішіне алатын өзіндік құн бойынша қаржылық есептілікте көрініс табады. Кейін негізгі құралдар нақты шығындар бойынша есепке алу моделіне сәйкес есепке алынады.

Қайта бағалау үлгісін қолданғанда негізгі құралдар жинақталған тозу мен құнсызданудан болған залалдар шегерілген қайта бағалау күніндегі әділ құны бойынша көрсетіледі. Құнсызданудан болған залалдар Қор төрағасының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 91 бұйрығымен бекітілген «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларында көзделген тәртіпке сәйкес есептеледі. Нақты шығындар бойынша бухгалтерлік есеп үлгісін қолдану кезінде, негізгі құралдар тарихи құн бойынша жинақталған тозу және құнсызданудан жинақталған залалдар бойынша есепке алынады. Құнсызданудан болған шығындар Активтердің құнсыздану ережелерінде көзделген тәртіпке сәйкес есептеледі. Пайдалы қызмет ету мерзімі мен амортизациялау әдістері әрбір есепті жылдың соңында қаралады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

	<u>Тиімді пайдалану мерзімі (жыл саны)</u>
Кеңселік және компьютерлік жабдық	5-6 жыл
Өзгелер	7-10 жыл

Негізгі құралдарға кейінгі шығындар активтің теңгерімдік құнына қосылады немесе осы активпен байланысты болашақ экономикалық тиімділіктерді Қор тарапынан алыну және осы актив құнының сенімді бағалану ықтималдығы болған жағдайда ғана жеке актив ретінде танылады. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық басқа шығындар қай есепті кезеңде жүргізілген болса, сол кезең ішіндегі пайда мен зиянда көрініс табады.

Негізгі құралдарды есептен шығару істен шыққанда немесе болашақта осы активті пайдаланудан немесе оның істен шығуынан экономикалық тиімділік алу күтілмейтін жағдайда жүзеге асады. Активті есептен шығару нәтижесінде пайда болатын пайда немесе зиян (істен шығудан таза түсім мен активтің теңгерімдік құны арасындағы айырма ретінде есептелген) актив істен шыққан есепті кезеңге пайда мен зиян және өзге жиынтық кіріс туралы есепке қосылады.

Пайдалануға дайын негізгі құралдар амортизациясы негізгі құралдар пайдалануға дайын атанатын айдан кейінгі айдан басталады. Негізгі құралдар амортизациясын есептегенде түзусызықтық (біркелкі) әдіс қолданылады. Қордың ішкі құжаттарына сәйкес амортизацияны есептеу әдістері мен нормаларын, сондай-ақ негізгі құралдардың жекелеген объектісін пайдаланудың пайдалы және нормативтік мерзімдері қайта қаралған жағдайда негізгі құралдардың жекелеген объектісінің жаңа амортизациясын есептеу тиісті қайта қарау жүргізілген айдан кейінгі айдан басталады. Амортизация тиімді пайдаланудың күтілетін мерзімі бойы тарату құнын біркелкі шегерумен негізгі құралдардың нақты немесе бағалау құнын есептен шығару үшін есептеледі (жер телімдері мен аяқталмаған құрылыс объектілерін қоспағанда). Тиімді пайдаланудың күтілетін мерзімдері, теңгерімдік құн және амортизацияны есептеу әдісі әр есепті кезең аяғында талдаудан өткізіледі, бұл ретте бағалаулардағы барлық өзгерістер салыстырма көрсеткіштерді қайта қараусыз есептілікте көрініс табады.

¹ Кепілді өтемді төлеуге байланысты қаржылық кепілдіктерді жабуға арналған резервті есептеу әдістемесі Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 10 маусымдағы № 18 шешімімен бекітілген.

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Материалдық емес активтер

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған пайдалану мерзімдері соңғы материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған зиянды шегерумен сатып алу құны бойынша есепке алынады. Амортизация материалдық емес активтерді тиімді пайдалану мерзімі бойы біркелкі есептеледі. Тиімді пайдаланудың күтілетін мерзімдері және амортизацияны есептеу әдісі әр есепті кезең аяғында талданады, бұл ретте бағалаулардағы өзгерістердің барлығы салыстырма көрсеткіштерді қайта қараусыз есептілікте көрініс табады. Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған пайдалану мерзімдері белгісіз материалдық емес активтер құнсызданудан жинақталған зиянды шегерумен нақты сатып алу шығындары бойынша есепке алынады.

Амортизация 3-10 жылды құрайтын объектілердің пайдалы қызметінің бағалау мерзімі бойы құнды есептен шығарудың тұзусызықтық әдісі негізінде есептеледі.

Материалдық емес актив істен шыққанда немесе оны пайдаланудан немесе істен шығуынан болашақ экономикалық тиімділіктердің түсуі күтілмейтін кезде есептен шығарылады. Істен шығудан таза түсім мен активтің теңгерімдік құны арасындағы айырма болып табылатын материалдық емес активті есептен шығарудан табыс немесе зиян активті есептен шығару сәтінде пайдаға немесе зиянға қосылады.

Қор жалға алушы болып табылатын жалға алу шарттары есебі

Қор кеңсе және көлік құралын жалға алады. Барлық жалға алу шарттары 12 айдан аспайтын мерзімге жасалған, сондай-ақ, жалға алу шарттарында мерзімін ұзарту қарастырылмаған және тараптар (жабдықтаушы және сатып алушы) болмашы айып пұлсыз шартты мерзімінен бұрын бұзуға біржақты құқылы. Қор қысқа мерзімді жалға алу және құны төмен мүлікті жалға алу есебін, жалдау төлемдерін шығындарда желілік әдіспен көрсету арқылы жүргізеді.

Ұзақ мерзімді жалға алу шарттары, жалға алу құралы болып табылатын қолдануға алынған актив Қор алған күнге сәйкес міндеттемелері бар, пайдалану құқығы нысанындағы активтер ретінде есепке алынады. Өрбір жалдау төлемдері міндеттемелер мен қаржылық шығындар арасында үлестіріледі. Қаржылық шығындар әр кезең үшін міндеттеме қалдықтары бойынша пайыздық мөлшерлемені тұрақты қамтамасыз ету мақсатында жалға алу мерзімі шеңберінде пайда немесе зиянға жатқызылады. Бастапқы құны бойынша есепке алынған пайдалану құқығы нысанындағы актив, активті тиімді пайдалану мерзімі шеңберінде желілік әдіспен немесе жалға алу мерзімі шеңберінде, қайсысы ерте аяқталатынына байланысты, амортизацияланады.

Жалға алу шарты бойынша туындайтын міндеттемелер бастапқыда келтірілген құны бойынша бағаланады. Жалға алу бойынша міндеттемелер келесі жалдау төлемдерінің таза келтірілген құнынан құралады:

2022 жылы Қордың ұзақ мерзімді жалға алулары болмаған.

Салық салу

Табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салық қосындысы болып табылады. Қор «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салық есебін жүргізеді.

Салық кодексінің 241-бабы 1-тармағы 20)-тармақшасының негізінде корпоративтік табыс салығын есептегенде жиынтық жылдық табыстан «арнайы резерв активтерін орналастыру нәтижесінде, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін екінші деңгейлі банктерге қолданылатын тұрақсыздық айыбы түрінде алынған жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның табысы» алынып тасталуы тиіс. Осы тармақша ережесі аталмыш табыс Қордың арнайы резервін арттыруға бағытталған жағдайда қолданылады.

Сондай-ақ, Салық кодексінің 307-бабы 2-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес «жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға төленетін сыйақыға» төлеу көзінде ұсталатын корпоративтік табыс салығы салынбауы тиіс.

Осыған байланысты Қор Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның 7-бабы 2-тармағы 7)-тармақшасына сәйкес меншікті активтер мен арнайы резерв активтері бойынша бөлек бухгалтерлік есеп жүргізеді.

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Салықтық тәуекелдерді бағалағанда Қор басшылығы қарсы бола алмайтын немесе егер қосымша салықтарды мемлекеттік табыс органдары есептейтін болса, ойдағыдай шағым түсіре аламын деп есептемейтін ҚР салық заңнамасын сақтамаудың белгілі салаларын ықтимал міндеттемелер ретінде қарастырады. Мұндай анықтама елеулі пайымдамалар шығаруды талап етеді және салық заңнамасындағы өзгерістер, өз шешімін күтуші салық істерін қарау нәтижелерін анықтау және мемлекеттік табыс органдарының сәйкестікке тексеру бойынша қорытындылары нәтижесінде өзгеруі мүмкін.

Қаржылық есептілікті ұсынудағы өзгерістер

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қаржылық есептілігінде Қор ағымдағы жылдың қаржылық есептілігін ұсынумен сәйкестендіру үшін 2021 жылға арналған кейбір ақпаратты ашуды өзгертті. Қор, бұл өзгеріс сенімді және маңыздырақ ақпарат береді деп санайды.

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы шығындарының сомасы бір жылға салық салынатын пайда мөлшері ескеріле отырып анықталады. Салық салынатын табыс пайда мен зиян және өзге жиынтық кіріс туралы есепте көрініс тапқан таза пайдадан ерекшеленеді, себебі салық салынуға немесе басқа жылдарға салық салу мақсаттары үшін шегеруге жататын табысты немесе шығынды ішіне алмайды, сондай-ақ салық салынбайтын және шегерілмейтін баптарды да ішіне алмайды. Ағымдағы табыс салығы бойынша Қор шығынын есептеу есепті кезең бойы қолданыстағы салық мөлшерлемелерін пайдаланумен жүзеге асырылады.

Кейінге қалдырылған салық.

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептілік мақсатында активтер мен міндеттемелердің салық салынатын базасы мен олардың теңгерімдік құны арасындағы барлық уақытша айырмашылықтар бойынша есеп беру күні танылады. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтар бойынша танылады. Кейінге қалдырылған салықтық активтер барлық шегерілетін уақытша айырмашылықтар ескеріле отырып, осы уақытша айырмашылықтарды пайдалану үшін болашақта салық салынатын теңгерімдік пайданың болу ықтималдығы жоғары болған жағдайда көрініс табады. Салықтық активтер мен міндеттемелер, егер уақытша айырмашылықтар салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да әсер етпейтін мәмілелер (бизнесіні біріктіру жөніндегі мәмілелерден басқа) шеңберінде активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану салдарынан туындайтын болса, қаржылық есептілікте көрініс таппайды.

Кейінге қалдырылған салықтық активтердің теңгерімдік құны әр есепті кезең соңында қайта қаралады және осы активтерді толық не ішінара пайдалануға жеткілікті болашақта салық салынатын пайданың болу ықтималдығы бұдан өрі жоғары болмайтын болса, төмендейді.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен табыс салығы бойынша міндеттемелер заңнамамен есеп беру күні бекітілген немесе іс жүзінде бекітілген және, тұспалданғандай, салықтық активті жүзеге асыру немесе міндеттемені жабу кезеңінде әрекет ететін салық салу мөлшерлемелерін (сондай-ақ салық заңнамасы ережелерін) пайдалана отырып, есептеледі.

Бір жылға ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы.

Ағымдағы салық пен кейінге қалдырылған табыс салығы, олар өзге жиынтық кіріс немесе меншікті капитал құрамында тікелей көрсетілетін баптарға жататын жағдайларды қоспағанда, пайда немесе зиянда танылады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар өзге жиынтық кірісте де немесе сәйкесінше тікелей капиталда да танылады.

Операциялық салықтар.

Қор өз қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасында Қор қызметіне қатысты қолданылатын өртүрлі салықтарды есептеу және төлеу бойынша талаптар бар. Бұл салықтар өзге операциялық шығын құрамында пайда мен зиян және өзге жиынтық кіріс туралы есепте көрініс табады.

Жарғылық капитал

Жарғылық капиталда жарналар бастапқы құны бойынша көрініс табады.

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Резервтік капитал

Қор Жарғысына сәйкес резервтік капитал Қор Акционерінің шешімімен анықталған тәртіпте оның жарғылық капиталынан кемінде 1 (бір) пайыз мөлшерінде қалыптасады, таза табыс есебінен толтырылады және Қор қызметімен байланысты зияндарды жабуға ғана арналған. Резервтік капитал бөлінбейді.

Кепілді өтемді төлеуге арналған арнайы резерв

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның нормаларына сәйкес қатысушы-банк салымшыларының мүдделерін қорғау жөніндегі заңнамада көзделген қызметті жүзеге асыру мақсатында Қор:

- (1) Қордың жарғылық капиталының 70% шегінде шығыстары
- (2) қатысушы-банктердің жарналары
- (3) қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қатысушы-банктерге қолданылатын тұрақсыздық төлемдері
- (4) мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-банктің (қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының) Қормен төленген (төленетін) кепілді өтемнің сомалары жөніндегі талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алынған ақша
- (5) Қордың арнайы резервінің активтерін орналастырудан түскен кіріс
- (6) Қор жарғысында көзделген тәртіппен оның шығыстар мен аударымдар сомасына азайтылған меншікті активтерін орналастырудан түскен кіріс
- (7) уәкілетті органның қатысушы-банкті барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айыру туралы шешімінің күші жойылған жағдайда одан алынған, Қор төлеген кепілдік берілген өтем сомасы мөлшеріндегі ақша
- (8) кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген тәртіппен депозитордың атына ашылған, ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотынан қайтарылған жағдайда, осы Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның 21-1-бабының 5-тармағына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан алынған ақша шегінде және есебінен арнайы резерв қалыптастырады.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның 21-1-бабының 5-тармағына сәйкес арнайы резерв: кепілді өтемді төлеуге; банк мүлкінің мөлшері мен басқа банкке (банктерге) берілетін кепілдік берілетін депозиттер бойынша міндеттемелердің мөлшері арасындағы айырманың орнын толтыру; Қормен жасалған кепілді өтемді төлеу туралы келісімде айқындалған шарттарда және тәртіппен депозиторларға кепілді өтемді төлеу жөніндегі рәсімдерді орындауға байланысты шығыстарды банк-агентке өтеу пайдаланылуы мүмкін.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның нормаларына сәйкес Қордың арнайы резервінің нысаналы мөлшері қатысушы-банктердегі барлық кепілдік берілген депозиттер сомасының 5%-дан кем болмайды.

Зейнетақы төлемдері және төлемдер бойынша өзге міндеттемелер

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, зейнетақы жарналары қызметкерлердің табысынан 10% мөлшерінде есептеледі және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ арқылы БЖЗҚ-ға аударылады. Зейнеткерлікке шыққанда барлық зейнетақы төлемдерін осы зейнетақы қоры жүзеге асырады. Қордың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнетақы жүйесіне қатысуды қоспағанда, қосымша зейнетақы схемалары жоқ. Сонымен қатар, Қордың зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі төлемдері немесе басқа да елеулі жинақталған сыйақылары жоқ.

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қызметкерлердің кірістерінен 2% мөлшерінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар есептеліп, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ-на аударылады. Міндетті медициналық сақтандыру жарналары медициналық қызметтерді тұтынушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алу құқығын қамтамасыз етеді. Мұндай шығыстар қызметкерлерге тиісті сыйақыларға қатысты кезеңдегі пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Табыс пен шығынды тану

Пайыздық табыс пен шығынды тану. Қаржылық активтер бойынша пайыздық табыс, Қордың экономикалық тиімділік алу ықтималдығы жоғары және табыс шамасы дұрыс анықтала алатын жағдайда танылады. Пайыздық табыс және шығын есептеу принципі бойынша көрсетіледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу, сондай-ақ, пайыздық табысты немесе пайыздық шығынды тиісті кезеңге жатқызу әдісі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл борыштық құрал өтелгенге дейінгі күтілетін мерзімге немесе (қолдануға келетін болса) борыштық құралды есепке қабылдау сәтінде теңгерімдік құнға дейінгі қысқарақ мерзімге күтілетін болашақ ақшалай түсімдерді (соның ішінде пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша барлық алынған немесе жүргізілген төлемдер, мәмілені рәсімдеуге кететін шығындар және басқа сыйақылар немесе дисконттар) дисконттау мөлшерлемесі.

Пайыздық табыс (i) құнсызданып қалған (3-кезең) және олар үшін пайыздық табыс олардың амортизацияланған құнына (күтілетін кредиттік зияндарға арналған резервті шегерумен) тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептелетін қаржылық активтерді; және (ii) олар үшін кредиттік тәуекелді ескерумен түзетілген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизацияланған құнға қолданылатын құрылған немесе сатып алынған кредиттік-құнсызданған қаржылық активтерді қоспағанда, қаржылық активтердің жалпы теңгерімдік құнына тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып есептеледі.

Қатысушы-банктердің жарналарынан қалыптасқан таза табыс және мәжбүрлеп таратылған банктің тарату комиссиясынан түскен түсім

2007 жылғы 1 қаңтардан бастап Қор, қатысушы-банктерді санаттарға жіктейтін және бағаланған тәуекел дәрежесі мен қаржылық тұрақтылығына байланысты рейтингтер беретін, сараланған мөлшерлемелер жүйесін енгізді. Төмен рейтингі бар қатысушы-банктер жарналарды көбірек мөлшерде аударды, себебі оларға тәуекелдің жоғары деңгейі тән. Тәуекел деңгейі төмен қатысушы-банктер жарналарды төмендетілген мөлшерде аударды. Тәуекелдерді бағалауды және рейтингтерді беруді Қор № 18 Қағидаға сәйкес жүзеге асырады. № 18 Қағида қатысушы-банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа үлгісін ескере отырып, жаңа редакцияда бекітілді және 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1 жыл өтпелі кезеңмен қолданысқа енгізілді. Өтпелі кезең жаңа моделге сәйкес қатысушы-банктердің қаржылық жағдайы нашарлаған кездегі жағымсыз әсерді азайту шеңберінде бірқатар мақсатты жеңілдіктерді қамтыды:

- кірістілік көрсеткіштерін «жиналмаған кірістерге түзету» көлемін бірте-бірте ұлғайту;
- 2021 жылдың 9 шілдесіне дейін қолданыста болған Ереженің нұсқасына сәйкес жиынтық баллды ескере отырып жинақтаушы ұпайларды есептеу;
- төмендетілген жарна мөлшерлемесі бар аралық жіктеу топтарын енгізу.

2022 жылғы қыркүйекте өтпелі кезең аяқталды және осы кезеңнен бастап қатысушы-банктер олар үшін белгіленген жіктеу топтары мен жарна мөлшерлемелеріне сәйкес жарналарды төлейді.

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Қатысушы-банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа үлгісі келесі негізгі жаңалықтарды қамтиды:

- проблемалық несиелердің кеңейтілген тұжырымдамасы: 9 ХҚЕС бойынша 3-кезеңдегі несиелер мен жиналмаған пайыздық кіріс арасындағы максималды мән пайдаланылады;
- ақша ағындарын талдау: банктің меншікті капиталын/салымшылардың ақшасын қаншалықты «жоқ қылатынын» анықтауға мүмкіндік береді;
- стресс-тест көмегімен капиталдың жеткіліктілігін тексеру, яғни проблемалық несиелер бойынша жасалынған провизиялар деңгейі 50%-ды құрайындай етіп, провизияның жеткіліксіз сомасына негізгі капиталды түзетуді ескере отырып, капиталдың жеткіліктілік коэффициентін қайта есептеу – банк қабылдаған тәуекелдің нақты көлемін бағалау.

Міндетті күнтізбелік жарналар бойынша кірістерді бастапқыда Қор қатысушы-банктердің өткен тоқсандағы тиесілі жарналарының есептік сомасы негіз болып табылатын, тоқсан сайынғы дербес жасалған есеп айырысулар сомасында қабылдайды.

Есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніне қатысушы-банктерден алынған мәліметтердің негізінде Қор есепті тоқсаннан кейінгі айдың ішінде өткен тоқсанға міндетті күнтізбелік жарналар бойынша табысты есептеуді жүргізеді.

Қатысушы-банктердің жарналарынан таза табыс пен мәжбүрлеп таратылған банктің тарату комиссиясынан түсім Қордың таратылған банктердің депозиторларына кепілді өтемді төлеу бойынша шеккен шығынын шегергендегі жоғарыда аталған табыс болып табылады. Қосылу шартының ережелеріне сәйкес қатысушы-банк төлеген жарналар қайтаруға жатпайды.

Күтілетін кредиттік зияндарға арналған резервті қалыптастыруға кететін шығын

Күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтері күтілетін кредиттік шығындардың болжамды моделдерінің негізінде анықталады. 4 Ескертпеде күтілетін кредиттік шығындарды бағалағанда пайдаланылатын бастапқы деректер, жорамалдар және есептеу әдістері туралы ақпарат, соның ішінде Қордың болжамды ақпаратты күтілетін кредиттік шығындар моделіне қосу тәсілінің түсіндірмесі келтіріледі.

Кепілдік бойынша шығындар

Кепілді өтемді төлеу бойынша шығыстар Қор барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған қатысушы-банктердің салымшыларына кепілді өтемді төлеу жөніндегі міндеттемелерді мойындаған кезде туындайды. Кепілді өтемді төлеу бойынша танылған міндеттеменің мөлшері бөлінбеген пайда есебінен арнайы резервтен азайтылады.

Кепілді өтемді төлеу, салымшылардың Қорға (электрондық нысанда) және агент-банктердің алдын ала тізімінен таңдалған агент-банкке (агент-банктерге) өтініш беруі арқылы (қағазда), төлем басталған күннен бастап бір жыл ішінде жүзеге асырылады. (қағазда)².

Кепілді өтемді төлеу мерзімі өткен кейін, төлем жүргізу мерзімі ішінде депозиторлар тарапынан талап етілмеген кепілді өтем сомаларын Қор, депозиторлардың ерікті зейнетақы жарналары түрінде, жеке зейнетақы шоттарына, деректерді БЖЗҚ-мен салыстыру қорытынисы бойынша (төлемдер аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде) аударады.

Сонымен қатар, талап етілмеген соманы БЖЗҚ-ға аударған жағдайда да, Қор Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңмен айқындалған дәлелді себептермен төлем мерзімін өткізіп алған салымшылардың кепілді өтемді төлеуге өтініштерін қабылдауды жалғастырады.

Салымшы дәлелді себептермен кепілді өтемді төлеуге өтініш берген кезде, Қор БЖЗҚ-ға хабарлама жібергеннен кейін БЖЗҚ жеке зейнетақы бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының қалдығы шегінде кепілді өтемнің талап етілмеген сомасын салымшының атына ашылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу шоты бойынша Қорға қайтарады. Егер, қалдық кепілді өтемнің талап етілмеген сомасынан аз болса, жетіспейтін бөлігін Қор арнайы резерві есебінен толықтырады.

² Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңға (2021 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілген) өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес

3 Есептік саясат принциптері (жалғасы)

Шетел валютасын қайта бағалаудан шығынды шегергенде қалған табыс.

Бастапқы танығанда шетел валютасындағы операция, операция жасалған күнгі жағдай бойынша валюталар айырбастаудың нарықтық бағамын анықтау және қолдану тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актісіне сәйкес анықталған, валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып, теңгемен есепке алынады. Операция жасалған күн ХҚЕС-на және шарт талаптарына сәйкес операцияны тану өлшемшарты алғаш орындалған күн болып табылады.

Әр есепті күнге шетел валютасындағы монетарлық (ақша) баптар есепті кезеңнің соңғы жұмыс күні саудада қалыптасқан валюталар айырбастаудың нарықтық бағамын анықтау және қолдану тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актісіне сәйкес анықталған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып, бағалануға жатады. Бағам айырмалары пайда пен шығын құрамында көрініс табады.

Бастапқы құны бойынша бағаланатын шетел валютасындағы монетарлық емес баптар бастапқы танылғаннан кейін валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып, бағалануға жатпайды және осы баптар бойынша бағам айырмалары көрсетілмейді.

Өтімділік тәртібі бойынша қаржылық жағдай туралы есептегі жолдық баптарды ұсыну

Қор қаржылық жағдай туралы есепте қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелерді бөлек көрсетпейді. Оның орнына активтер мен міндеттемелер 19 Ескертпеде күтілетін өтеу мерзімі бойынша ұсынылған. Төмендегі кестеде есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 айға дейін немесе одан кейін өтелуі немесе өтелуі күтілетін сомалар туралы ақпарат берілген.

Қазақстандық мың теңгемен	2022 ж. 31 желтоқсан			2021 ж. 31 желтоқсан		
	Өтелуі/қайтарылуы күтілетін сомалар			Өтелуі/қайтарылуы күтілетін сомалар		
	Есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде	Есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай	Жиыны	Есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде	Есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай	Жиыны
АКТИВТЕР						
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	104,727,079	-	104,727,079	170,645,464	-	170,645,464
Амортизацияланған күн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	-	1,107,836,448	1,107,836,448	1,098,540	887,584,049	888,682,589
Дебиторлық берешек	3,690,987	-	3,690,987	4,022,528	-	4,022,528
Өзге активтер	173,530	266,845	440,375	160,070	256,751	416,821
Материалдық емес активтер	-	19,921	19,921	-	13,344	13,344
Негіз құралдар	-	48,738	48,738	-	51,231	51,231
Активтер жиыны	108,591,596	1,108,171,952	1,216,763,548	175,926,602	887,905,375	1,063,831,977
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Бағалау міндеттемелері	-	57,934,385	57,934,385	-	61,130,493	61,130,493
Кепілді өтемді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер	-	-	-	2,319,379	-	2,319,379
Өзге міндеттемелер	256,757	235,014	491,771	212,150	235,014	447,164
Міндеттемелер жиыны	256,757	58,169,399	58,426,156	2,531,529	61,365,507	63,897,036

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды бағалау мағыналары мен пайымдаулары

Қор қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына әсер ететін бағалаулар өткізеді және жорамалдар жасайды. Бағалаулар мен пайымдаулар басшылық тәжірибесі және басқа факторлар, соның ішінде басшылық пікірінше, ағымдағы мән-жайлар тұрғысынан негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты болжамдар негізінде тұрақты талданады. Есептік саясатты қолдану барысында да басшылық пайымдаулар мен бағалауларды қолданады.

Кепілді өтемдерді төлеу бойынша күтілетін кредиттік зияндарды бағалау

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау – бағалау әдістемесіне, моделге және бастапқы деректерге негізделген маңызды бағалау болып табылады. Кепілді өтемді төлеу бойынша күтілетін кредиттік шығындарды бағалау әдістемесінің егжей-тегжейлері 20 Ескертпеде ашылған. Кредиттік шығындар бойынша резервке келесі құрамдас бөліктер айтарлықтай әсер етеді: дефолт ықтималдығын анықтау, несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі, дефолт тәуекеліне ұшырау және дефолт жағдайында өтелмейтін ресурстар үлесі, сондай-ақ макроэкономикалық моделдер сценарийлері. Резервтерді есептеу әдістемесіне сәйкес кепілді өтемді төлеу бойынша күтілетін кредиттік шығындарды есептеу кезінде Қор базалық және стресстік сценарийлерді пайдаланады, бұл ретте базалық сценарийдің салмағы 70%, стресстік сценарий 30% ретінде қабылданады. Бір экономикалық циклдің (10 жыл) стресстік сценарийі үшін дефолт ықтималдығын есептеу үшін 3 жыл пайдаланылады, яғни бүкіл циклдің 30% (25 Ескертпе).

Егер Қор қатысушы-банктердің тәуекелдерінің айтарлықтай артуына әкелетін факторларды анықтаса немесе олардың борыштық міндеттемелерін орындау қабілетіне күмән тудырса, Қор стресс-сценарийдің салмағын арттыруы мүмкін. Стресс-сценарийдің салмағы 40%-ға дейін ұлғайтылған жағдайда күтілетін шығын 68,441,216 мың теңгеге дейін артады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 68,406,716 мың теңге³), яғни стресс-сценарий салмағының 10%-ға артуы күтілетін шығындарды 10,506,831 мың теңгеге арттырады (2021 ж. 31 желтоқсанға: 7,276,223 мың теңге). Қор болжамды несиелік шығындар мен нақты шығындар арасындағы сәйкессіздіктерді азайту үшін моделдер мен моделдік мәліметтерді жүйелі түрде қарастырады және растайды.

Қордың пайымдауынша, Қазақстандағы қаңтар оқиғасы, сондай-ақ ресейлік банктерге қарсы санкциялардың салынуы қатысушы-банктердің, атап айтқанда ресейлік еншілес банктердің қаржылық жағдайына кері әсер етті. Тиісінше, Қор стресс-сценарий үлесін арттыру бөлігінде Әдістеменің 24-тармағына сәйкес сараптамалық қорытындыны қолдану арқылы күтілетін кредиттік шығындарды есептеу кезінде осы әсерлерді ескерді. Алайда, ҚРҰБ, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – ҚНРДА), сондай-ақ банктердің өздері қабылдаған шаралар теріс салдарды азайтуға мүмкіндік берді, нәтижесінде Қор күтілетін кредиттік шығындарды бағалаудың дағдарысқа дейінгі тәсілдеріне қайта оралды (базалық сценарийдің үлесі 70%, стресстік сценарийдің үлесі 30%).

Қор қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына әсер ететін бағалаулар өткізеді және жорамалдар жасайды. Бағалаулар мен жорамалдар басшылық тәжірибесінің және басқа факторлардың, соның ішінде, басшылық пікірінше, ағымдағы міндеттемелер тұрғысынан негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты болжалдардың негізінде тұрақты талданады. Есептік саясатты қолдану барысында да басшылық пайымдаулар мен бағалауларды пайдаланады.

Бизнес-моделді бағалау.

Қаржылық активтер бизнес-модель негізінде жіктеледі. Бизнес-моделді бағалауды орындағанда басшылық біріктіру деңгейін және қаржылық құралдар қоржындарын орнату үшін пайымдама қолданды. Сату операцияларын бағалағанда Қор олардың өткен кезеңдердегі жиілігін, мерзімдерін және құнын, сату себептерін және болашақ сатуларға қатысты болжалдарды ескереді. Кредиттік сапаның нашарлауымен байланысты ықтимал зияндарды төмендетуге бағытталған сату операциялары «алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделіне сәйкес келеді деп есептеледі. Кредиттік тәуекелді басқару бойынша өткізілетін шаралармен байланысты емес өтеу мерзіміне дейінгі басқа сатулар да, егер олар жеке алғанда қалай болса, жалпы алғанда да солай сирек жүзеге асырылса және құны бойынша шамалы болса, «алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделіне сәйкес келеді. Қор сатулар құнын қоржынның орташа жарамдылық мерзімі ішінде соған қатысты бизнес-модельді бағалау өткізілетін қоржын құнымен салыстыру жолымен сату операцияларының маңыздылығын бағалайды. Сонымен қатар, күйзелістік сценарий жағдайында ғана немесе Қор бақыламайтын жеке оқиғаға байланысты күтілетін қаржылық активті сату қайталанатын болып табылмайды және Қор тарабынан болжанбайды, бизнес-модель мақсатымен байланысты емес ретінде қарастырылады және тиісті қаржылық активтер жіктеліміне әсер етпейді.

³ 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша стресстік сценарийдің салмағы 40% құрайды деп алынған шешімді ескерсек, осы бағалау үшін салмақ 50% дейін ұлғайтылды.

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды бағалау мағыналары мен пайымдаулары (жалғасы)

«Алу және сату үшін ұстап қалу» бизнес-моделінің мақсатына қол жеткізу үшін активтер ақша ағындарын алу және активтерді сату үшін ұсталады деген факті де ажарамас болып табылады. Осы бизнес-моделді қолдану мысалдары өтімділіктегі сұраныстарды басқару, белгілі бір пайыздық табысқа қол жеткізу немесе қаржылық активтер мерзімін солардың есебінен осы активтер қаржыландырылатын міндеттемелер мерзімімен сәйкестендіру болып табылады.

Қалдық санаты ақша ағындарын, бірінші кезекте пайда алу үшін қолданылатын сату арқылы жүзеге асыру мақсатында басқарылатын қаржылық активтер қоржынын ішіне алады. Бұл бизнес-модель шартпен қарастырылған ақша ағындарын алумен жиі байланысты.

«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ына көшкен кезде Қор өзінің бағалы қағаздар портфелін "шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалу" санатына жатқызды.

2022 жылғы 31 желтоқсанға және 9-ХҚЕС-на (IFRS) көшу күніне Қор түгел борыштық бағалы қағаздар инвестициялық қоржынына бизнес-модельге анықтау жүргізді және келесі факторлардың негізінде қоржынның «алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделінің белгілеріне сәйкес деген тұжырымға келді:

- Қор инвестициялардан тек қана шартты ақша ағынын алуды жоспарлайды;
- Болашақта сату жоспарланбайды;
- Қор саясаты, 9-ХҚЕС қағидалары негізінде есептелген, кепілдік берілген өтем төлемдері бойынша күтілетін зияндарды жабу үшін қысқа мерзімді инвестициялардың көлемі жеткілікті болуына негізделген. Аталған мақсаттар үшін Қор әрбір есепті күнге ақша қаражаттарының, депозиттердің және қысқа мерзімді инвестициялардың жеткілікті деңгейін қадағалауда.
- Сатылымдар Қордың қысқа мерзімді инвестициялары кепілдік міндеттемесін өтеу үшін жеткіліксіз болатын стресстік сценарий жағдайында ғана күтіледі. Мұндай сценарийдің ықтималдығы төмен деп бағаланады. Сондай-ақ, Қор кепілді өтемді төлеу бойынша міндеттемелерді жабу үшін ҚРҰБ-нен қаржыландыруды тарта алады;
- Бағалы қағаздар қоржыны SPPI-тестін өтті;
- 2022 жылы 44,9 млрд теңгеге қаржы құралдарын сату жалпы инвестициялық қоржынға шаққандағы үлесі айтарлықтай маңызды емес.
- 9 ХҚЕС-ына сәйкес, «келісімшарттық ақша ағындарын жинау үшін қаржылық активтерді ұстау (алу үшін ұстау)» бизнес-моделі шеңберінде қаржы активтерін басқару ақша ағындарын жүзеге асыру мақсатында, негізгі борыш пен пайыздық төлемдерді тиісті құралдардың әрекет ету мерзімі ішінде алу арқылы жүзеге асырылады. Кәсіпорынның бизнес-моделінің мақсаты келісім-шарт бойынша ақша ағындарын жинау үшін қаржылық активтерді ұстау болуы мүмкін болса да, ұйымның осы активтерді өтеуге дейін ұстауы міндетті емес. Осы себепті, қоржындағы кейбір активтер сатылған немесе сатылуы күтілетін жағдайда да, келісім бойынша ақша ағындарын жинау үшін қаржылық активтерді ұстау бизнес-моделі болуы мүмкін. Одан өзге, бизнес-моделдің мақсатын анықтау кезінде кәсіпорын өткен сатылымдар туралы ақпаратты және осындай сатулардың жиілігін, құнын және сипатын қоса алғанда, болашақ сатылымдарды күтеді. Қаржы активтерінің сатылымы немесе күтілетін сатылымы, егер бұл сатылымдар осы бизнес-моделдің мақсатына қосалқы (яғни, екінші реттік маңыздылық) болса, «алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделіне сәйкес болуы мүмкін. 9 ХҚЕС келесі мысалдар келтірілген:
 - сатылымдар қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің өсуімен байланысты – мысалы, сатылымның себебі кәсіпорынның инвестициялық саясатымен құжаттай рәсімделіп көрсетілген кредиттік сапа өлшемдерін бұдан әрі қанағаттандырмайтын қаржы активтерін сату орын алғанда,
 - сатылымдар жиі емес (тіпті көлемі едәуір болса да), немесе олардың жеке және жиынтық көлемі едәуір емес (тіпті сатылымдар жиі болса да);
 - сатылымдар сәйкес қаржы активінің өтеу мерзіміне жақын жүзеге асырылады, және сатылымнан түсімдер шартпен қарастырылған ақша ағымдарының алынуға тиісті бөлігіне шамамен тең.
- Қордың қаржы активтері бойынша пайыздық табыстың белгілі-бір бағытын қолдау жүргізілмейді.

5 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерге көшу

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап келесі түзетулер күшіне енеді:

«Негізделген пайдалану басталғанға дейін алынған кіріс», «Ауыр келісім-шарттар – Келісімшартты орындау шығындары», «Тұжырымдамалық негізге сілтеме» – 16 (IAS), 37 (IAS) және 3 (IFRS) ХҚЕС-қа және 2018-2020 ХҚЕС-қа жыл сайынғы жақсартуларға шектеулі көлемдегі түзетулер – 1 (IFRS) ХҚЕС, 9 ХҚЕС, 16 ХҚЕС және 41 ХҚЕС (2020 жылдың 14 мамырында шығарылған және 2022 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді) түзетулер.

- 16 (IFRS) ХҚЕС-қа түзету субъектілерге негізгі құралдар объектісінің құнынан ұйым активті мақсатты пайдалану үшін дайындап жатқан кезде өндірілген объектілерді сатудан түскен кез келген түсімдерді шегеруге тыйым салады. Мұндай объектілерді сатудан түскен түсімдер, оларды өндіруге кеткен шығындармен бірге, енді кіріс немесе шығын құрамында танылады. Ұйым осындай баптардың құнын бағалау үшін 2 (IAS) ХҚЕС қолданады. Құнға мұндай тексерілген активтің амортизациясы қосылмайды, өйткені ол әлі мақсатты пайдалануға дайын емес. 16 (IFRS) ХҚЕС-қа түзету сонымен қатар ұйым осы активтің техникалық және физикалық өнімділігін бағалаған кезде «активтің дұрыс жұмыс істеуін тексеретінін» түсіндіреді. Бұл активтің қаржылық нәтижелері бұл бағалауға қатысы жоқ. Осылайша, актив басқару ниетіне сәйкес және амортизациялануға жатады
- 37 (IAS) ХҚЕС-қа түзету «келісімшартты орындауға кететін шығындар» түсінігін түсіндіреді. Түзету келісімшартты орындаудың тікелей шығындарына осы келісімшартты орындаудың қосымша шығындарын қамтитынын түсіндіреді; және шарттарды орындауға тікелей байланысты басқа да шығындарды бөлуді қарастырады. Түзету сонымен қатар ауыртпалықсыз келісім-шарт үшін жеке резервті жасамас бұрын ұйымның келісімшартты орындау үшін бөлінген активтерге емес, келісімшартты орындау үшін пайдаланылған активтердің құнсыздануынан болған шығынды танытынын түсіндіреді.
- 3 (IFRS) ХҚЕС, бизнесті біріктіру кезінде актив немесе міндеттеме нені құрайтынын анықтауға мүмкіндік бере алатын үшін 2018 жылғы Қаржылық есептіліктің концептуалды негіздеріне сілтемерлермен толықтырылды. Осы түзетуге дейін 3 (IFRS) ХҚЕС 2001 жылғы Қаржылық есеп берудің тұжырымдамалық негізіне сілтемені қамтыды. Сонымен қатар, 3 (IFRS) ХҚЕС міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін жаңа босатуды қосты. Бұл ерекшелік міндеттемелердің және шартты міндеттемелердің белгілі бір түрлері үшін 3 (IFRS) ХҚЕС-ты қолданатын ұйымның 2018 жылғы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізіне емес, 37 (IAS) немесе IFRIC 21-ге сілтеме жасауы тиіс екенін қарастырады. Бұл жаңа босатусыз ұйым 37 IAS Халықаралық стандартына сәйкес мойындамайтын кейбір міндеттемелерді бизнесті біріктіру кезінде тануға мәжбүр болатын. Сондықтан сатып алғаннан кейін ұйым бірден осы активтерді тануды тоқтатуы және экономикалық пайда көрсетпейтін кірісті тануға мәжбүр болар еді. Сондай-ақ, сатып алушыдан 37 (IAS) сәйкес анықталған шартты активтерді сатып алу күнінде тануға міндетті емес екендігі түсіндірілді.
- 9 (IFRS) ХҚЕС-қа түзету қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін қандай төлемдерді «10% сынауға» қосу керек деген сұраққа жауап береді. Шығындар немесе төлемдер үшінші тұлғаларға немесе несие берушіге жасалуы мүмкін. Осы түзетуге сәйкес, шығындар немесе үшінші тұлғаларға төлемдер 10% сынаққа қосылмайды.
- 16 (IFRS) ХҚЕС-қа 13 көрнекі мысал жалға берушінің жалдау құқығын жақсартуға қатысты төлемдерінің мысалын алып тастау үшін түзетілді. Бұл түзету жалдау бойынша ынталандыруларды есепке алу тәртібіне қатысты ықтимал түсінбеушіліктерді болдырмау үшін жасалған.
- 1 (IFRS) ХҚЕС еншілес ұйымның ХҚЕС-ын бас ұйымнан кешірек қолдануына рұқсат береді. Еншілес ұйым өзінің активтері мен міндеттемелерін, егер шоғырландыру мақсаттары үшін түзетулер енгізілмесе және қаржылық есептілікті көрсету үшін бас ұйымның ХҚЕС-ке көшу күніне негізделген, олар бас ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілетін баланстық құны бойынша, бас ұйым аталған еншілес ұйымды сатып алған бизнесті біріктіру нәтижелері төңірегінде бағалай алады. 1 ХҚЕС (IFRS)-қа өзгертулер 1 ХҚЕС бойынша босатуды қолданған ұйымдарға, сондай-ақ бас ұйым ХҚЕС-ке көшу күні негізінде бас ұйым таныған сомаларды пайдалана отырып, жиынтық бағамдық айырмашылықтарды өлшеуге мүмкіндік беру үшін енгізілді. 1 (IFRS) ХҚЕС-қа бұл түзету ХҚЕС алғаш рет қолданатын ұйымдар үшін шығындарды азайту мақсатында жинақталған бағамдық айырмашылықтарға жоғарыда көрсетілген босатуды кеңейтеді. Бұл түзету сонымен қатар 1 ХҚЕС бойынша бірдей босатудың артықшылығын пайдаланатын қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға да қолданылады.
- 41 (IAS) ХҚЕС сәйкес әділ құнды бағалау кезінде ұйымдар ақша ағындарын салық салу мақсатында алып тастауы туралы талаптың күшін жойды. Бұл түзету салық салынғаннан кейінгі ақша ағындарын дисконттау жөніндегі стандарт талабына сәйкес келуі керек.

Түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

6 Жаңа есептік жағдайлар

2022 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын және Қор әлі ертерек қабылдамаған бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды.

«Сақтандыру шарттары» 17 (IFRS) ХҚЕС (2017 жылдың 18 мамырында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Қазіргі уақытта Қор басшылығы 17 (IFRS) ХҚЕС-ын өз қызметіне қолдану мүмкіндігін бағалауда және оны енгізу туралы шешім қабылданған жағдайда осы стандартқа көшудің өсерін зерделеуде.

17 (IFRS) ХҚЕС-қа түзетулер және 4 (IFRS) ХҚЕС-қа түзетулер (2020 жылдың 25 маусымында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

17 (IFRS) ХҚЕС қолданатын сақтандырушыларға арналған көшу опциясы – 17 (IFRS) ХҚЕС-қа түзетулер (2021 жылдың 9 желтоқсанында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Міндеттемелердің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып жіктелуі – 1 (IAS) ХҚЕС түзетулері (2020 жылдың 23 қаңтарында шығарылған және 2022 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Міндеттемелердің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып жіктелуі – Күшіне енетін мерзімі кейінге қалдырылатын күн – 1 ХҚЕС (IAS) түзетулері (2020 жылдың 15 шілдесінде шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

8 (IFRS) ХҚЕС түзету: «Бухгалтерлік бағалауларды анықтау» (2021 жылдың 12 ақпанында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Бір операциядан туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салықтар – 12 (IAS) ХҚЕС түзету (2021 жылдың 7 мамырында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

1 (IAS) ХҚЕС және Тәжірибе туралы мәлімдеме 2 (IFRS) ХҚЕС-ына түзетулер: «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» (2021 жылдың 12 ақпанында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Жоғарыда өзгеше белгіленбесе, бұл жаңа стандарттар мен түсіндірмелер Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

7 Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
ҚРҰБ жинақ ақша шоттарындағы (депозиттердегі) ақша қаражаттары	104,680,042	170,599,667
ҚРҰБ ағымдағы шоттарындағы ақша қаражаттары	38,577	41,292
Басқа банктердегі ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары	7,973	4,141
Карточка шоттарындағы ақша қаражаттары	487	364
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттары баламалары жиыны	104,727,079	170,645,464

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ жинақ шоттарындағы 104,680,042 теңге сомасында қолма-қол ақшаның қалдығы ҚРҰБ қысқа мерзімді депозиттеріне орналастырылған 2022 жылғы 4-тоқсандағы күнтізбелік жарналардың түсуіне байланысты. Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау мақсатында ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары 1-кезеңге енгізілген. Осы қалдықтар бойынша күтілетін кредиттік шығындар шамалы, сондықтан Қор ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары үшін кредиттік шығындар резервін жасамайды. Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау тәсілі 19 Ескертпеде сипатталған. Төмендегі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік төуекел деңгейлеріне негізделген ақша қаражаттары мен ақша қаражаттарының баламалары қалдықтарының несие сапасының талдауы берілген. Қордың кредиттік төуекелді жіктеу жүйесінің сипаттамасы 19 Ескертпеде келтірілген.

7 Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары (жалғасы)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	ҚРҰБ жинақ шоттарындағы (депозиттердегі) ақша қаражаттары	ҚРҰБ ағымдағы шоттарындағы ақша қаражаттары	Басқа банктердегі ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары	Карточка шоттарындағы ақша қаражаттары	Жиыны
Кредиттік рейтингі BBB	104,680,042	38,577	-	-	104,718,619
Кредиттік рейтингі BBB-	-	-	-	360	360
Кредиттік рейтингі BB+	-	-	7,973	127	8,100
Кассадағы ақша қаражаттарын қоспағанда, ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары жиыны	104,680,042	38,577	7,973	487	104,727,079

Төмендегі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік тәуекел деңгейлерінің негізінде ақша қаражаттары мен оның баламалары қалдықтарының кредиттік сапасының талдауы берілген.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	ҚРҰБ жинақ шоттарындағы (депозиттердегі) ақша қаражаттары	ҚРҰБ ағымдағы шоттарындағы ақша қаражаттары	Басқа банктердегі ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары	Карточка шоттарындағы ақша қаражаттары	Жиыны
Кредиттік рейтингі BBB	-	-	-	364	364
Кредиттік рейтингі BBB-	170,599,667	41,292	-	-	170,640,959
Кредиттік рейтингі BB	-	-	4,141	-	4,141
Кассадағы ақша қаражаттарын қоспағанда, ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары жиыны	170,599,667	41,292	4,141	364	170,645,464

Кредиттік рейтинг Fitch (аталған рейтингтің бар болғанында) немесе Moody's және Standart & Poor's рейтингтік агенттіктеріне негізделген, олар Fitch рейтингтік шкаласы бойынша мөнге ең жақын эквивалентте айырбасталынады.

Ақша қаражаттары мен оның баламаларының сомасы қамсыздандырусыз.

Ақша қаражаттары мен оның баламаларының пайыздық мөлшерлемелерінің талдауы 19 Ескертпеде ашылған. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар туралы ақпарат 24 Ескертпеде ашылған.

8 Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	903,978,158	675,399,847
Корпоративтік облигациялар	149,563,551	154,704,961
ХҚҰ облигациялары	54,548,029	57,703,071
ҚРҰБ ноталары	-	1,098,540
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар жиыны (жиынтық теңгерімдік құны)	1,108,089,738	888,906,418
Күтілетін кредиттік зияндар резерві	(253,290)	(223,829)
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар жиыны (теңгерімдік құны)	1,107,836,448	888,682,589
	2022 ж. номиналды пайыздық мөлшерлеме, %	2021 ж. номиналды пайыздық мөлшерлеме, %
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	4.97-13.9%	4.97-11%
Корпоративтік облигациялар	9.5-11.5%	9.5-11.5%
ХҚҰ облигациялары	8.3-24.102%	8.3-11.58%
ҚРҰБ ноталары	-	9.7%

2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар кредиттік сапаның 1-кезеңіне жіктелген. 2022 және 2021 жылдарға кредиттік сапа кезеңдері арасында активтердің қозғалысы болмаған.

Төмендегі кестеде кредиттік тәуекел деңгейлері негізінде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың кредиттік сапасының талдауы берілген. Қор пайдаланатын деңгейлер бойынша кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесінің және күтілетін кредиттік зияндарды бағалау, соның ішінде дефолтты және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға сәйкес кредиттік тәуекелдің едәуір артуын анықтау тәсілінің сипаттамасы 19 Ескертпеде келтіріледі. Төмендегі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 31 желтоқсанның амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың теңгерімдік құны кредиттік тәуекелге максималды ұшырағыштықты көрсетеді.

8 Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар (жалғасы)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2022 ж. 31 желтоқсан 1-кезең (12 айға ККЗ)	2021 ж. 31 желтоқсан 1-кезең (12 айға ККЗ)
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары		
Кредиттік рейтингі BBB	903,978,158	675,399,847
Жалпы теңгерімдік құны	903,978,158	675,399,847
Кредиттік зияндарға бағалау резервтері	-	-
Теңгерімдік құны	903,978,158	675,399,847
ХҚҰ облигациялары		
Кредиттік рейтингі AAA	54,548,029	57,703,071
Жалпы теңгерімдік құны	54,548,029	57,703,071
Кредиттік зияндарға бағалау резервтері	(37,490)	(40,588)
Теңгерімдік құны	54,510,539	57,662,482
Корпоративтік облигациялары		
Кредиттік рейтингі BBB+	-	27,673,642
Кредиттік рейтингі BBB	41,656,854	46,675,187
Кредиттік рейтингі BBB-	107,906,697	80,356,131
Жалпы теңгерімдік құны	149,563,551	154,704,961
Кредиттік зияндарға бағалау резервтері	(215,800)	(183,241)
Теңгерімдік құны	149,347,751	154,521,720
ҚРҰБ ноталары		
Кредиттік рейтингі BBB-	-	1,098,540
Жалпы теңгерімдік құны	-	1,098,540
Кредиттік зияндарға бағалау резервтері	-	-
Теңгерімдік құны	-	1,098,540
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялар және борыштық бағалы қағаздар (жалпы теңгерімдік құны) жиыны	1,108,089,738	888,906,418
Кредиттік зияндарға бағалау резервтері	(253,290)	(223,829)
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялар және борыштық бағалы қағаздар жиыны	1,107,836,448	888,682,589

Кредиттік рейтинг Fitch (аталған рейтингтің бар болғанында) немесе Moody's және Standart & Poor's рейтингтік агенттіктеріне негізделген, олар Fitch рейтингтік шкаласы бойынша мәнге ең жақын эквивалентте айырбасталынады. Амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың қамсыздандыруы жоқ.

9 Дебиторлық берешек

Қазақстандық мың теңгемен	2022 ж.	2021 ж.
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер		
Күнтізбелік жарналар бойынша дебиторлық берешек	4,188,043	3,355,887
Агент-банктер бойынша дебиторлық берешек	-	1,124,966
Өзге	144,248	66,007
Кредиттік зиянға арналған бағалау резервін шегергенде	(641,304)	(524,332)
Дебиторлық берешек жиыны	3,690,987	4,022,528

Дебиторлық берешек күнтізбелік жарналар бойынша қатысушы-банктерге қойылатын талап және Қор кепілді өтемдерді төлеуді орындау мақсатында аударған сомалар бойынша агент-банктерге қойылатын талаптар есебінен қалыптасқан.

Төмендегі кестеде өзге амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша кредиттік тәуекел талдауы берілген. Төмендегі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсанға өзге амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтердің теңгерімдік құны Қордың осы активтер бойынша кредиттік тәуекелге максималды ұшырағыштығын көрсетеді.

2021 жылдың 3-тоқсанынан бастап қатысушы-банктер қатысушы-банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделіне сәйкес тәуекел топтары бойынша жіктеледі (3 Ескертпе). Жылдың соңында жыл басымен салыстырғанда жарна мөлшерлемесі жоғары топтарға 2 банк, жарна мөлшерлемесі төмен топтарға 4 банк ауысты.

Қазақстандық мың теңгемен	1-кезең (12 айға ККЗ)	2-кезең кредиттік тәуекел айтарлықтай артқандағы бүкіл мерзімге ККЗ)	3-кезең (құнсызданған активтер бойынша бүкіл мерзімге ККЗ)	Жиыны
Күнтізбелік жарналар және агент- банктер бойынша дебиторлық берешек				
- А тобы	688,151	-	-	688,151
- В тобы	982,604	-	-	982,604
- С тобы	1,136,261	-	-	1,136,261
- D тобы	1,025,560	-	-	1,025,560
- E тобы	-	-	-	-
- F тобы	-	-	-	-
- G тобы	-	-	355,468	355,468
Жалпы теңгерімдік құны	3,832,576	-	355,468	4,188,044
Кредиттік зияндарға бағалау резервтері	(148,285)	-	(355,468)	(503,753)
Теңгерімдік құны	3,684,291	-	-	3,684,291
Өзге қаржылық активтер				
Өзге талаптар	-	-	144,248	144,248
Кредиттік зияндарға бағалау резервтері	-	-	(137,552)	(137,552)
Теңгерімдік құны	-	-	6,696	6,696
Өзге қаржылық активтер жиыны	3,684,291	-	6,696	3,690,987

9 Дебиторлық берешек (жалғасы)

Төмендегі кестеде амортизациялық құны бойынша бааланатын өзге қаржылық активтер бойынша кредиттік тәуекел талдауы берілген, 2021 жылғы 31 желтоқсанға Қордың осы активтер бойынша кредиттік тәуекелге максималды ұшырағыштығын көрсетеді.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	1-кезең (12 айға ККЗ)	2-кезең кредиттік тәуекел айтарлықтай артқандағы бүкіл мерзімге ККЗ)	3-кезең (құнсызданған активтер бойынша бүкіл мерзімге ККЗ)	Жиыны
Күнтізбелік жарналар және агент банктер бойынша дебиторлық берешек				
- А тобы	1,833,332	-	-	1,833,332
- В тобы	2,031,362	-	-	2,031,362
- С тобы	260,692	-	-	260,692
- D тобы	-	-	-	-
- E тобы	-	-	-	-
- F тобы	-	-	355,468	355,468
Жалпы теңгерімдік құны	4,125,385	-	355,468	4,480,852
Кредиттік зияндарға бағалау резервтері	(109,661)	-	(355,468)	(465,129)
Теңгерімдік құны	4,015,724	-	-	4,015,724
Өзге қаржылық активтер				
Өзге талаптар	108	-	65,900	66,007
Кредиттік зияндарға бағалау резервтері	-	-	(59,203)	(59,203)
Теңгерімдік құны	108	-	6,696	6,804
Өзге қаржылық активтер жиыны	4,015,831	-	6,696	4,022,528

3-кезеңге жатқызылған өзге талаптар Қордан кепілдік берілген өтем алған банктердің салымшыларына қойылатын кінәраттық талаптарды ішіне алады.

Тәуекел жіктелім топтары бойынша ақпарат 19 Ескертпеде көрсетілген.

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

10 Негізгі құралдар және материалдық емес активтер

Қазақстандық мың теңгемен	Ескер.	Кеңселік және компьютерлік жабдық	Барлық негізгі құралдар	Программалық қамтамаға лицензиялар	Жиыны
2020 ж. 31 желтоқсанға бастапқы құны		118,639	118,639	79,516	198,155
Жинақталған амортизация		(62,325)	(62,325)	(62,034)	(124,359)
2021 ж. 1 қаңтарға теңгерімдік құны		56,314	56,314	17,482	73,796
Түсім		12,063	12,063	1,334	13,397
Істен шығу		-	-	-	-
Амортизациялық аударымдар	17	17,146	17,146	5,472	22,618
2021 ж. 31 желтоқсанға теңгерімдік құны		51,231	51,231	13,344	64,575
2021 ж. 31 желтоқсанға бастапқы құны		130,702	130,702	80,850	211,552
Жинақталған амортизация		(79,471)	(79,471)	(67,506)	(146,977)
2022 ж. 31 желтоқсанға теңгерімдік құны		51,231	51,231	13,344	64,575
Түсім		12,541	12,541	12,019	24,560
Істен шығу		-	-	-	-
Амортизациялық аударымдар	17	(15,034)	(15,034)	(5,442)	(20,476)
2022 ж. 31 желтоқсанға теңгерімдік құны		48,738	48,738	19,921	68,659

11 Бағалау міндеттемелері

Бааланатын міндеттеме – бұл өтеу сомасы шектелмеген және (немесе) өтеу мерзімі анықталмаған Қордың қолданыстағы міндеттемесі. Есептелген міндеттемелер ұзақ мерзімді болып табылады және кепілді өтемдерді төлеуге байланысты қаржылық кепілдіктер бойынша күтілетін шығындардан тұрады.

Қазақстандық мың теңгемен	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Кепілді өтемдерді төлеу бойынша бағалау міндеттемелері	57,934,385	61,130,493
Бағалау міндеттемелері жиыны	57,934,385	61,130,493

Төменде 2022 және 2021 жылдардағы кепілдікті қамтамасыз ету қозғалысының талдауы берілген.

Қазақстандық мың теңгемен	2022 ж.	2021 ж.
1 қаңтарға кепілдіктерге арналған резерв	61,130,493	53,056,189
<i>Бағалау міндеттемелері бойынша резервке аударымдарға әсер ететін өзгерістер</i>		
Тәуекел параметрлеріндегі өзгеріс	(10,400,787)	15,575,772
Тәуекелдің елеулі өсуі (1-кезеңнен 2-кезеңге көшу)	-	-
Дефолт оқиғасының басталуы (2-кезеңнен 3-кезеңге көшу)	-	-
Депозиттер бойынша кепілді өтемдерді төлеу сомасының өзгерісі	7,204,679	6,830,633
Бір жылға пайда немесе зиян құрамында көрініс тапқан шығын жиыны	(3,196,108)	22,406,405
Таратылуына байланысты салымшылар алдындағы міндеттемелерге көшу	-	(14,332,101)
2021 жылғы 31 желтоқсанға кепілдіктерге арналған резерв	57,934,385	61,130,493

11 Бағалау міндеттемелері (жалғасы)

Қордың кепілдік берілген міндеттемелері бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша 2022 жылда тәуекел параметрлерінің өзгеруі келесі факторлармен түсіндіріледі:

- 2022 жылғы 2-тоқсаннан бастап дефолт ықтималдығын (PD) бағалау шеңберінде қатысушы-банктердің жіктеу тобын анықтау үшін күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін анықтауға қолданылатын қатысушы-банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделі пайдаланылды (3, 19 Ескерту);
- 1-кезеңге кіретін жіктеу топтары санының 4-тен (A-D) 5-ке (A-E) дейін артуы;
- мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-банктерден төленген соманы қайтару есебінен қалпына келмейтін ресурстар (LGD) үлесінің тоқсан сайынғы төмендеуі: 2021 жылғы 31 желтоқсанға 60,3%-дан 2022 жылғы 31 желтоқсанға 53,6%-ға дейін;
- күтілетін кредиттік шығындарды бағалаудың стандартты параметрлеріне оралу (базалық сценарийдің үлесін 60%-дан 70%-ға дейін ұлғайту және стресс-сценарий үлесін 40%-дан 30%-ға дейін төмендету).

Сонымен қатар, резерв мөлшерінің өзгеруіне Қордың кепілді өтемді төлеу бойынша міндеттемелерінің жиынтық сомасының (EAD) 6,4 трлн теңгеден 7,6 трлн теңгеге ұлғаюы әсер етті.

12 Кепілді өтемді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер

Кепілді өтемді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер келесіде көрсетіледі:

Қазақстандық мың теңгемен	2022 ж.	2021 ж.
Кепілді өтемді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер	-	2,319,379
Кепілді өтемді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер жиыны	-	2,319,379

Лицензиясынан айырылған банктердің салымшыларына кепілді өтемді төлеу бойынша міндеттемелердің көлемі 2022 жыл соңына келесіні құрады:

Банк	Кепілді өтемді төлеу бойынша міндеттемелерінің мөлшері	Кепілді өтемінің төленген сомасы ⁴	БЖЗҚ-ға аударылған талап етілмеген қаражат сомасы ⁵	Кепілді өтемді төлеу бойынша есептен шығарылған міндеттемелер ⁶
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ	-	325,081	196,695	332,783
«ВалютТранзит Банк» АҚ	-	861	11,362	416,566
«Астана Банкі» АҚ	-	1,526	302,731	78,974
«Tengri Bank» АҚ	-	38,344	95,254	122,056
«Qazaq Banki» АҚ	-	2,129	112,822	36,691
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	-	18,694	88,419	43,011
«Delta Bank» АҚ	-	-	21,622	72,257
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	-	-	1,071	371
«Қазинвестбанк» АҚ	-	-	55	4
Жиыны	-	386,635	830,031	1,102,713

⁴ Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның 21-1-бабының 4-тармағына сәйкес кепілді өтем төлемдерін қоса алғанда (дәлелді себептер бойынша төлем мерзімі өткен соң төлемдер)

⁵ депозитор кепілдік берілген өтемді төлеу үшін төлем мерзімі аяқталғанға дейін жүгінбеген жағдайда Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның 21-1-бабының 1-тармағына сәйкес, талап етілмеген соманы БЖЗҚ-мен салыстырып тексерілгеннен кейін Қор Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген тәртіппен депозитордың атына ашылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін жеке зейнетақы шотына аударады

⁶ Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның 6-бабының 2-тармағына сәйкес Қордың депозиторларға кепілді өтемді төлеу жөніндегі міндеттемелері кепілді өтемді төлеу басталған күннен бастап бір жыл өткен соң және (немесе) талап етілмеген кепілді өтем сомаларын БЖЗҚ-ға аударылғаннан кейін тоқтатылуға жатады

12 Кепілді өтемді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер (жалғасы)

Лицензиясынан айырылған банктердің салымшыларына кепілді өтемді төлеу бойынша міндеттемелердің көлемі 2021 жыл соңына келесіні құрады:

Банк	Кепілді өтемді төлеу бойынша міндеттемелерінің мөлшері	Кепілді өтемінің төленген сомасы	БЖЗҚ-ға аударылған талап етілмеген қаражат сомасы	Кепілді өтемді төлеу бойынша есептен шығарылған міндеттемелер
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ	854,559	18,254,708	-	-
«ВалютТранзит Банк» АҚ	428,789	2,516	-	-
«Астана Банкі» АҚ	383,231	40,483	-	-
«Tengri Bank» АҚ	255,654	879,024	-	-
«Qazaq Banki» АҚ	151,642	27,923	-	-
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	150,124	1,536,761	-	-
«Delta Bank» АҚ	93,879	4,996	-	-
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	1,442	-	-	-
«Қазинвестбанк» АҚ	59	-	-	-
Жиыны	2,319,379	20,746,411	-	-

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2021 жылғы 1 мамырдан бастап кепілді өтемді төлеу мерзімі төлем басталған күннен бастап 1 жыл болып белгіленді, талап етілмеген сомалар кейіннен салымшылардың БЖЗҚ-дағы ерікті зейнетақы жарналары ретінде ашылған шоттарына (деректерді БЖЗҚ-мен салыстырғаннан кейін) аударылады. 2021 жылдың 1 мамырына дейін лицензиясынан айырылған банктердің салымшыларына сақтандыру жағдайы басталған күнге қарамастан, 2022 жылдың 1 мамырына дейін кепілді өтемді төлеуге өтініш беруге қосымша мүмкіндік берілді. Осылайша, 2022 жылы мәжбүрлеп таратылған 9 банктің салымшыларына кепілді өтемді төлеу аяқталды:

Мәжбүрлеп таратылатын банктің атауы:	Барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясын қайтарып алу күні:	Кепілді өтемді төлеудің басталу күні:	Кепілді өтемді төлеудің аяқталу күні:
«ВалютТранзит Банк» АҚ ⁷	26 желтоқсан 2006 жыл	26 наурыз 2007 жыл	1 мамыр 2022 жыл
«Қазинвестбанк» АҚ ⁷	27 желтоқсан 2016 жыл	13 ақпан 2018 жыл	1 мамыр 2022 жыл
«Delta Bank» АҚ ⁷	3 қараша 2017 жыл	17 мамыр 2018 жыл	1 мамыр 2022 жыл
«Qazaq Banki» АҚ ⁷	28 тамыз 2018 жыл	24 желтоқсан 2018 жыл	1 мамыр 2022 жыл
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ ⁷	28 тамыз 2018 жыл	4 ақпан 2019 жыл	1 мамыр 2022 жыл
«Банк Астаны» АҚ ⁷	19 қыркүйек 2018 жыл	26 қаңтар 2019 жыл	1 мамыр 2022 жыл
«Tengri Bank» АҚ	18 қыркүйек 2020 жыл	30 қыркүйек 2020 жыл	1 мамыр 2022 жыл
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ	12 ақпан 2021 жыл	24 ақпан 2021 жыл	1 мамыр 2022 жыл
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	25 маусым 2021 жыл	3 шілде 2021 жыл	3 шілде 2022 жыл

Кепілді өтемді төлеу мерзімі өткеннен кейін мәжбүрлеп таратылатын 9 банк бойынша кепілді өтем төлемі талап етілмеген сомалары деректер БЖЗҚ-мен салыстырылғаннан кейін Қормен салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына олардың ерікті зейнетақы жарналары түрінде аударылды.

⁷ Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңға сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін Қор кепілді өтемді төлеудің басталу күні туралы ақпаратты банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде хабарлаған (кейіннен - банк лицензиясын қайтарып алған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде)

12 Кепілді өтемді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер (жалғасы)

Нәтижесінде, Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның талабына сәйкес 2022 жылы төлем мерзімінің аяқталуына және БЖЗҚ-ға кепілді өтемді төлеу талап етілмеген сомалары аударылуына байланысты мәжбүрлеп таратылған 9 банктің салымшыларына кепілді өтемді төлеу бойынша Қор міндеттемелері тоқтатылды.

Сонымен қатар, БЖЗҚ-ға талап етілмеген сомалардың аударылуына қарамастан, салымшылардың белгіленген мерзімде өтініш беруіне кедергі келтірген дәлелді себептері болған жағдайда, Қор төлем мерзімі өткеннен кейін кепілді өтемді төлеуге өтініштер қабылдауды жалғастырады. Мардымды себептер тізбесі Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңмен айқындалған. Мұндай салымшылар банкті тарату процесі аяқталғанға дейін немесе салымшының өз қаражатын БЖЗҚ-ға аударған жағдайда оның ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдеріне құқығы болғанға дейін Қорға жүгіне алады.

13 Өзге міндеттемелер

Қордың өзге міндеттемелері келесідей көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2022 ж.	2021 ж.
<i>Амортизациялық құны бойынша бағаланатын өзге қаржылық міндеттемелер</i>		
Көрсетілген қызметтерге төлемақылар бойынша бағалау міндеттемесі	282,371	264,134
Кредиторлық берешек	25,875	27,796
Өзге қаржылық міндеттемелер	8,544	12,005
Өзге қаржылық міндеттемелер жиыны	316,790	303,935
<i>Өзге қаржылық емес міндеттемелер</i>		
Сыйақылар мен пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер	165,922	135,386
Банктердің артық төлемдері	8,999	7,843
Ағымдағы салық міндеттемелері	60	-
Өзге қаржылық емес міндеттемелер жиыны	174,981	143,229
Өзге міндеттемелер жиыны	491,771	447,164

14 Акционерлік капитал

2022 және 2021 жылдарғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың жалғыз акционері ҚРҰБ болып табылады.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Акциялар саны	Жарғылық капитал
2021 жылғы 31 желтоқсанға	1,178,972	235,794,400
Қарапайым акцияларды шығару	-	-
2022 жылғы 31 желтоқсанға	1,178,972	235,794,400

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың жарғылық капиталы жалпы сомасы 235,794,400 мың теңгеге өрқайсының номиналды құны 200 мың теңге болатын 1,178,972 қарапайым акцияны құрады. Шығарылған барлық қарапайым акциялар толығымен төленген. Барлық қарапайым акциялар әрбір акция бойынша бір дауыс құқығын береді.

Жарғыға сәйкес Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қор пайданы дивидендтер ретінде бөлмейді, ал табыс резерв ретінде жинақталады (20 Ескертпе). Эмиссиялық табыс капиталға енгізілген жарналардың шығарылған акциялардың номиналды құнынан асып кеткен сомасы болып табылады.

15 Пайыздық табыс және шығыс

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2022 ж.	2021 ж.
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық табыс		
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	102,842,164	74,890,347
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын жинақ шоттарындағы ақша қаражаттары	10,451,798	10,896,107
РЕПО бойынша пайыздық кірістер	26,119	-
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық табыс жиыны	113,320,081	85,786,454
Пайыздық және өзге де ұқсас табыс жиыны	113,320,081	85,786,454
Таза пайыздық табыс	113,320,081	85,786,454

16 Қатысушы-банктердің жарналарынан таза табыс және мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан түсім

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2022 ж.	2021 ж.
Қатысушы-банктердің жарналарынан табыс	32,310,765	30,965,063
Мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан түсім бойынша табыс	10,257,683	24,245,281
Тұрақсыздық айыбын есептеу	4,979	492
Қатысушы-банктердің жарналарынан табыс және мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан түсім	42,573,427	55,210,836
Мәжбүрлеп таратылған банктердің депозиторларына өтемдер бойынша кететін шығын	(509)	(6,464,372)
Қатысушы-банктердің жарналарынан таза табыс және мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан түсім жиыны	42,572,918	48,746,464

Қатысушы-банктердің жарналарының сомасы 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда келесі өзгерістерге байланысты өсті:

- Қатысушы-банктердің депозиттік базасының өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсуі (+26.1%);
- Өтпелі кезеңнің аяқталуы және барлық жіктеу топтары үшін күнтізбелік жарна мөлшерлемелерін қатысушы-банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделіне сәйкес айқындау (3 Ескертпе).
- 2022 жылы тарату комиссиясынан түскен түсімдер 10,257,682 мың теңгені құрады, оның ішінде: «Валют-Транзит Банк» АҚ 160,000 мың теңге, «Tengri Bank» АҚ 450,000 мың теңге, «Qazaq Banki» АҚ 1,025,000 мың теңге, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ 1,339,500 мың теңге, «Capital Bank Kazakhstan» АҚ 1,685,182 мың теңге, «Астана Банкі» АҚ 5,598,000 мың теңге.
- 2021 жылы тарату комиссиясынан түскен түсімдер 24,245,281 мың теңгені құрады, оның ішінде: «Қазинвестбанк» АҚ 113 мың теңге, «Валют-Транзит Банк» АҚ 90,000 мың теңге, «Qazaq Banki» АҚ 1,370,000 мың теңге, «Астана Банкі» АҚ 5,480,000 мың теңге, «Tengri Bank» АҚ 17,305,167 мың теңге.

17 Әкімшілік және өзге операциялық шығын

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<i>Ескер.</i>	2022 ж.	2021 ж.
Қызметкерлерді ұстау шығындары		804,307	699,424
Пайда салығынан басқа салықтар		85,650	73,424
АТ инфрақұрылымына қызмет көрсету шығындары және АЖ енгізу		81,731	81,985
Операциялық жалдау бойынша шығыстар		61,266	34,031
Шотты басқару шығындары		58,494	48,888
Коммуналдық қызметтер		52,186	34,519
Консультациялық қызметтер		40,320	29,120
Байланыс қызметтері		37,060	39,445
ҚҚБ комиссиялары мен банктік қызметтерге шығыстар		34,256	18,660
Сенімді басқару қызметі		34,155	31,176
Сақтандыру қызметі		21,150	15,077
Директорлар кеңесінің қызмет көрсету шығындары		15,902	15,792
Іс-сапар және өкілдік шығындары		15,720	620
Негізгі құралдардың тозуы	10	15,034	17,146
Мүшелік жарнасы		11,469	11,191
Ақпараттық-түсіндірме жұмыстары бойынша шығындары		11,219	9,331
Кадрларды даярлау және қайта даярлау		7,104	2,454
Көлік қызметі		6,114	8,400
Бағдарламалық жасақтама мен басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы	10	5,442	9,611
Күзет қызметіне байланысты шығындар		2,068	217
Басқалары		12,556	8,062
Әкімшілік және өзге операциялық шығын жиыны		1,413,203	1,188,573

Мемлекеттік зейнетақы қорына аударымдарды ішіне алатын қызметкерлерді ұстауға кететін шығын 73,745 мың теңге (2021 ж.: 63,365 мың теңге) және 2% мөлшерлеме бойынша міндетті медициналық сақтандыру жарналары 8,442 мың теңге көлемінде (2021 ж. 2% мөлшерлеме бойынша: 5,635 мың теңге).

18 Табыс салығы

(а) Табыс салығы бойынша шығын/(тиімділік) құрамбөліктері

Бір жылға табыс немесе зиян құрамында көрініс тапқан табыс салығы бойынша шығындарға келесі құрамбөліктер кіреді:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2022 ж.	2021 ж.
Табыс салығы бойынша ағымдағы шығын	20,188	(36,624)
Кейінге қалдырылған салық	(10,094)	2,770
Бір жылға табыс салығы бойынша шығын	10,094	(33,854)

18 Табыс салығы (жалғасы)

(б) Табыс салығы бойынша шығынды қолдануға келетін салық салу мөлшерлемесіне көбейтілген бухгалтерлік пайда сомасымен салыстыру

2022 жылы Қордың салық салынатын пайдасына қолданылатын табыс салығының ағымдағы мөлшерлемесі 20% құрайды (2021 ж.: 20%). Төменде теориялық салық шығындарын салық салу бойынша нақты шығындармен салыстыру берілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2022 ж.	2021 ж.
Салық салынғанға дейінгі пайда	158,392,357	110,921,433
Заңнамамен анықталған мөлшерлеме бойынша теориялық салықтық аударымдар (2022 ж.: 20%; 2021 ж.: 20%)	31,678,471	22,184,287
Салық мақсаттарында шегеруге/салық салынуға жатпайтын табыстың немесе шығынның салықтық әсерлері:		
- Арнайы резерв активтерінен босатылған инвестициялық табыс	(17,872,978)	(13,122,094)
- Қатысушы-банктердің жарналарынан табыс және мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан түсім	(8,514,685)	(11,042,167)
- Мемлекеттік бағалы қағаздар мен листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаты бойынша бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын табыс	(4,557,525)	(3,514,950)
- Кредиттік зияндарға бағалау резервтері және бағалау міндеттемелері бойынша резерв	(639,222)	4,502,354
- Өзге босатылған табыс	158,762	(54,731)
- Мәжбүрлеп таратылған банктердің депозиторларына өтеу бойынша шығын	102	1,292,874
Бұрын танылмаған өзге кейінге қалдырылған салықтық активтерді тану	(242,831)	(279,427)
Бір жылға табыс салығы бойынша өтем/(шығын)	10,094	(33,854)

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 302-бабының 2-тармағына сәйкес, бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының (бұдан әрі – КТС) сомасы ұтыстар, сыйақылар, дивидендтер түріндегі кірістерден төлем көзінен ұсталатын КТС сомасына тек растайтын құжаттар болуы негізінде азайтылады. Салық кодексінің 302-бабының 3-тармағына сәйкес, егер сыйақы, дивидендтер түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған КТС сомасы есептелген КТС-тен көп болса, төлем көзінен ұсталған КТС сомасы мен бюджетке төленуге жататын КТС сомасы арасындағы айырма есептелген сомасы келесі он салық кезеңіне қоса беріледі және осы салық кезеңдері үшін бюджетке төленуге жататын КТС сомасын дәйекті түрде азайтады.

2016 жылы салық агентімен (ҚРҰБ) төлем көзінен КТС сомаларын сыйақы түріндегі Қор кірісінен ұстап, төлем жүргізді. 2022 жылы Қор Салық кодексінің 302 бабының 2 және 3 тармақтарын пайдаланып, ҚРҰБ-мен төлем көзінен ұсталған 242,831 мың теңге КТС сомасындағы, 2022 жыл үшін, бюджетке төленетін КТС сомасының бір бөлігін азайтты (2021 ж.: 279,427 мың теңге).

(с) Уақытша айырмашылық түрлері бойынша кейінге қалдырылған салықтар

ХҚЕС пен Қазақстан Республикасының салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен олардың табыс салығы мақсаттары үшін негізі арасындағы уақытша айырмашылықтарға әкеледі.

18 Табыс салығы (жалғасы)

Осы уақытша айырмашылықтарға қозғалыстың салықтық әсері төменде егжей-тегжейлі сипатталған және 20% (2021: 20%) мөлшерлемесі бойынша танылады:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	1 қаңтар 2022 ж.	Пайдаға немесе шығынға өтеледі/ (есептеледі).	31 желтоқсан 2022 ж.
Шегерілетін/(салық салынатын) уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері			
Негізгі құралдар	(1,724)	340	(1,384)
Пайдаланылмаған демалыстар мен сыйақылар бойынша резерв	27,077	6,107	33,184
Басқа міндеттемелер	8,184	3,647	11,831
Таза кейінге қалдырылған салық активі	33,537	10,094	43,631

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы уақытша айырмашылықтар қозғалысының салықтық әсері келесідей:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	1 қаңтар 2022 ж.	Пайдаға немесе шығынға өтеледі/ (есептеледі).	31 желтоқсан 2022 ж.
Шегерілетін/(салық салынатын) уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері			
Негізгі құралдар	2,956	(4,680)	(1,724)
Пайдаланылмаған демалыстар мен сыйақылар бойынша резерв	26,538	539	27,077
Басқа міндеттемелер	6,813	1,371	8,184
Таза кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	36,307	(2,770)	33,537

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару

Кредиттік тәуекел

Қор қаржылық құралы бар операция тараптарының бірі шарт бойынша міндеттемелерді орындамау салдарынан екінші тараптың қаржылық шығын шегуіне себеп болу тәуекелі болып табылатын кредиттік тәуекелге ұшырағыш.

Тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін кредиттік тәуекелді бағалау күрделі процес болып табылады және моделдердің пайдаланылуын талап етеді, өйткені тәуекел нарықтық жағдайларға, күтілетін ақша ағындарына байланысты және уақыт өте келе өзгереді. Активтер мен кепілдендіру шарттары қоржыны бойынша кредиттік тәуекелді бағалау дефолттың басталу ықтималдылығына, тиісті зияндылық коэффициенттеріне және контрагенттер арасында дефолттар корреляциясына қатысты қосымша бағалауларды талап етеді.

Дефолт – уәкілетті органның қатысушы банкті барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиядан айыруы.

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кепілдік берілген міндеттемелер бойынша кредиттік тәуекелді бағалау

Тәуекелдерді жіктеу тобы тоқсан сайын сандық және сапалық көрсеткіштерді талдау негізінде анықталады. Сандық көрсеткіштерге келесі көрсеткіштер топтары жатады: капиталдың жеткіліктілігі, активтердің сапасы, табыстылық және өтімділік. Сапалық көрсеткіштерге ҚНРДА бақылау бағасын, халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингінің болуын, қаржылық есептілікке сыртқы аудиттен шағымдардың болмауын және қаржылық есептіліктің жалпыға қолжетімділігін сипаттайтын көрсеткіштер жатады. Сандық және сапалық көрсеткіштердің мәндері олардың сәйкес шекті баллдарымен өзара сәйкестендіреді. Шекті баллдарға байланысты әрбір көрсеткішке аралық балл қойылады. Банктің жалпы баллы – аралық баллдардың қосындысы. Жалпы жиынтық баллды есептеу нәтижелері бойынша қатысушы-банктің жіктеу тобы анықталады. Әрбір жіктеу тобы үшін сәйкес несиелік тәуекел деңгейі анықталады. Берілген жалпы жиынтық баллға байланысты қатысушы-банктер «А»-дан «Е»-ге дейін 5 топқа жіктеледі. Тәуекел профилі ең төмен қатысушы-банктер «А» тобына, тәуекел деңгейі ең жоғары банктер «Е» тобына жатқызылған. «А»-дан «Е» топтарына жіктелген қатысушы-банктер 1-кезеңге жатады. 2-кезеңге (дефолтқа дейінгі "F" тобы) қаржылық жағдайы тұрақсыз, оның салымшылары мен кредиторларының мүдделеріне қауіп төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына немесе дәрменсіз банктер санатына жататын қатысушы-банктер, сондай-ақ банктік және өзге де операцияларды жүргізу лицензиялары тоқтатылған қатысушы-банктер жатады. Қатысушы-банк банктік және өзге операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылған кезде мұндай банк «G» дефолт тобына кіреді. Дефолт ықтималдылығын бағалау үшін базалық және стресстік сценарийлер бойынша банктердің бір топтық жіктелімінен екіншісіне өтуіне аңду жүргізіледі. Дефолттың қорытынды ықтималдылығы екі сценарийлер арасында көшу ықтималдылықтарының өлшенген қосындысы болып табылады. Бұдан басқа, Қор макроэкономикалық көрсеткіштердің қатысушы-банктің дефолтқа ұшырау ықтималдығына ықпалын, «Мертон-Васичек» моделінің көмегімен дефолт пен макрокөрсеткіштер арасында корреляция бар болған жағдайда есептей алады. Дегенмен, қазіргі уақытта дефолттар көлемінің жеткіліксіздігіне байланысты дефолттар мен макрокөрсеткіштердің арасындағы корреляция жоқ.

1-кезеңде жіктелген қатысушы-банктер үшін Қордың кепілді міндеттемелері бойынша күтілетін кредиттік шығындарды есептеу кезінде төлемді орындамау тәуекелі есепті күннен бастап 12 ай ішінде бағаланады. 2-кезеңде жіктелген қатысушы-банктер үшін Қордың кепілді міндеттемелері бойынша шығындарды есептеу кезінде дефолттың орын алу ықтималдылығы, дисконттауды ескере отырып, қаржы құралының қолданылу мерзімі ішінде бағаланады. Күтілетін кредиттік шығындар ауқымы қатысушы-банк облигацияларының өтеу мерзіміне кірістілігінің орташа алынған мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталады. Пайданың орташа алынған мөлшерлемесі есепті күнге қатысушы-банктің барлық шығарылған облигацияларының жалпы көлеміндегі жеке облигацияның шығарылым көлемінің үлесін тиісті кірістілік нормасына қолдану жолымен есептеледі. 3-кезеңге жатқызылған қатысушы-банктер үшін дефолт ықтималдығы 100% деңгейінде бағаланады.

Банктерді тарату барысында қалпына келтіруге жатпайтын құралдар үлестері депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша тарихи деректердің және банкті мәжбүрлеп тарату барысында төленген қаражатты қайтарулардың негізінде анықталады. Қор әр банк бойынша қалпына келтіруге жатпайтын құралдар үлесін орташалау жолымен қалпына келтіруге жатпайтын құралдардың жалпы деңгейін айқындайды.

Амортизацияланған құны бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша кредиттік тәуекелді бағалау

Қор амортизацияланған құны бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдармен байланысты күтілетін кредиттік зияндарды бағалайды. Банктердегі бағалы қағаздарға және қаражатқа орналастырылған қаржылық активтерде халықаралық рейтингтік агенттіктердің сыртқы рейтингтері (Fitch Ratings, Moody's Investors Service, Standard & Poor's) берілетін контрагенттердің қаржылық активтері бар.

Қор дефолттың тарихи ықтималдылығы (PD) және Bloomberg жүйесінен алынған қаржылық құралдарды қалпына келтіру дәрежесі (PR) бойынша Fitch рейтингтік агенттігінен деректерді пайдалануды басым (негізгі) нұсқа етіп таңдады. Fitch Ratings-тен рейтинг болмаған жағдайда Қор Moody's және Standard & Poor's рейтингтік агенттіктерінің деректерін пайдаланады. Болжамдар негізінде Қор амортизацияланған құны бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдармен байланысты күтілетін кредиттік зияндарды бағалайды. Қор күтілетін кредиттік зияндарды бағалайды және әр есепті күні кредиттік зияндарға арналған бағалау резервтерін таниды. Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау мыналарды көрсетеді: (i) ықтимал нәтижелер ауқымын бағалау жолымен анықталған алдын ала алынбаған және ықтималдылықты ескерумен өлшемделген соманы, (ii) ақшаның уақытша құнын және (iii) артық шығынсыз және күш салусыз есепті күні қолжетімді өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және болжанатын болашақ экономикалық жағдайлар туралы негізді және расталатын ақпараттың барлығын.

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Қор Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары және ҚРҰБ ноталары бойынша «BBB-» кредиттік рейтингі бар ноталары бойынша күтілетін кредиттік залалдарды есептеу кезінде «AAA»- «BB+» санаттарында тұрған тәуелсіз рейтингі бар эмитенттер үшін белгіленген PD-ны қолданады, дефолт ықтималдығы 0 тең.

Әр есепті күнгі жағдай бойынша Қор бастапқы тану сәтінен бастап қаржылық құралдар үшін кредиттік тәуекелдің өзгеруінің маңыздылығын бағалайды және оларды кредиттік тәуекел деңгейіне байланысты белгілі бір топтарға жіктейді.

1-кезеңге бастапқы танылғанда кредиттік тәуекелі төмен болған және тәуекелі сатып алған сәттен бастап айтарлықтай артпаған (тану сәтіндегі кредиттік-құнсызданғандарды қоспағанда) қаржылық құралдар жіктеледі.

2-кезеңге бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелінің айтарлықтай артқаны анықталған қаржылық құралдар жіктеледі. Кредиттік тәуекелдің артуы көшу өлшемшарттарына сәйкес әр қаржылық құрал үшін жеке анықталатын болады.

3-кезеңге осындай қаржылық құрал бойынша есептік болашақ ақша ағындарына кері әсер еткен бір немесе бірнеше құнсыздану оқиғасы анықталған қаржылық құралдар жіктеледі. Сонымен қатар, бұл «СС» және одан төмен кредиттік рейтинг берілген қаржылық құралдар.

Банктердегі бағалы қағаздар мен қаражат қоржынында халықаралық рейтингтік агенттіктердің сыртқы рейтингтері (Fitch Ratings, Moody's Investors Service, Standard & Poor's) берілетін контрагенттердің қаржылық құралдары бар.

Сыртқы рейтингтер кешігуші өлшемшарт болып табылады, себебі ол агенттік соңғы рет рейтингті жаңартқаннан кейін болып кеткен оқиғаларды немесе алынған маңызды ақпаратты көрсетпейді. Демек, Қор екі және одан көп рейтингтік агенттіктен рейтинг берілгенде ең соңғы жарияланған рейтингті пайдаланатын болады.

Бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай арту өлшемшарттары (сандық және сапалық):

- Бастапқы бағалағанда BBB/Baa2/BBB – S&P немесе Moody's немесе Fitch және одан жоғары рейтингі бар қаржылық активтер үшін кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы болып қаржылық активтің/бағалы қағаздар контрагентінің/эмитентінің рейтингісінің екі сатыға және одан көп төмендеуі танылады;
- Бастапқы бағалағанда BBB/Baa2/BBB – S&P немесе Moody's немесе Fitch рейтингі бар қаржылық активтер үшін кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы болып қаржылық активтің/бағалы қағаздар контрагентінің/эмитентінің рейтингісінің бір сатыға төмендеуі танылады;
- Техникалық мерзімін өткізіп алуларды қоспағанда, 1 күннен көпке есептелген купонды төлеу мерзімін өткізіп алу.

Қаржылық құралдардың құнсыздануының келесі өлшемшарттары (сандық және сапалық) бар:

- Есепті күні рейтингі CC және одан төмен қаржылық мекемелер;
- Рұқсат етілген мерзімін өткізу мерзімінен кейін купонды/есептелген сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлеу мерзімін 90 күннен әрі қарай кешіктіру (купон үшін 5 күннен аса).

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына, эмитенті квазимемлекеттік секторға, шет мемлекеттердің орталық/ұлттық банктеріне жататын бағалы қағаздар бойынша рейтинг болмаған жағдайда, PD (дефолт ықтималдығы) көрсеткішін есептеу тәуелсіз рейтингті пайдалану, сондай-ақ олар бойынша болжам (Rating Outlook).

Эмитент үкіметтік емес ұйым болып табылатын қаржы активі немесе контрагент/бағалы қағаздар эмитенті үшін рейтинг болмаған жағдайда, PD (дефолт ықтималдығы) көрсеткішін есептеу оның бас ұйымының рейтингін пайдалануға негізделген, сондай-ақ олар бойынша болжам (Rating Outlook) немесе несиелік құнсызданудың ұқсас белгілері бар байланысты, ұқсас субъектілердің рейтингі (несиелік тәуекел деңгейі, өтеу әдісі, несие мерзімі және пайыздық мөлшерлемелер, ұқсас географиялық орналасуы және т.б.).

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Контрагентке сыртқы кредиттік рейтинг болмаған және рейтингті баламалы әдіспен анықтау мүмкін болмаған жағдайда Bloomberg Default Risk («DRSK») функциясын немесе DRSK ұқсас құралдарын пайдаланумен провизияларды есептеуге жеке тәсіл қолданылады. Осы функция оның қаржылық есептілік деректеріне негізделі және қаржылық коэффициенттерді басшылыққа ала отырып, PD анықтауға мүмкіндік береді. «DRSK» функциясы компанияның негізгі қаржылық көрсеткіштерін «Bloomberg» жүйесінен алынған сала бойынша орташа тарихи көрсеткіштермен салыстырады және ұқсас тарихи салалық деректер негізінде ұйым бойынша дефолт ықтималдылығын (PD) көрсетеді.

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ кепілдік берілген өтемді төлеумен байланысты шартты міндеттемелерді жабуға арналған резервін есептеу әдістемелеріне» сәйкес базалық мәндерді беру процесі, онда қатысушы-банктерді бағалау үшін жинақтау бағдары мен қатысушы-банктер топтарының жіктелімі негізінде анықталған Қордың ішкі рейтингтері қолданылады.

Кредиттік тәуекелдің максималды мөлшері

Қордың кредиттік тәуекелінің максималды мөлшері нақты активтерге төн жеке тәуекелдерге және жалпы нарықтық тәуекелдерге байланысты айтарлықтай құбылып тұруы мүмкін.

Келесі кестеде теңгерімдік қаржылық активтер бойынша кредиттік тәуекелдің максималды мөлшері берілген. Қаржылық жағдай туралы есепте көрініс табатын қаржылық активтер үшін кредиттік тәуекелдің максималды мөлшері қандай да болмасын есепке алулар мен қамсыздандыруды ескерусіз осы активтердің теңгерімдік құнына тең.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	104,727,079	170,645,464
Инвестициялар және борыштық бағалы қағаздар	1,107,836,448	888,682,589
Дебиторлық берешек	3,690,987	4,022,528

Қаржылық активтердің кредиттік рейтингтері

Қаржылық активтер халықаралық танылған рейтингтік агенттіктер берген ағымдағы кредиттік рейтингтер ескеріле отырып, жіктеледі. Ең жоғары ықтимал рейтинг – AAA. Қаржылық активтердің инвестициялық деңгейі AAA-дан BBB- дейінгі рейтингтерге сәйкес келеді. Рейтингі BBB- төмен қаржылық активтер алып-сатарлық деңгейге жатады.

Қордың қаржылық активтерінің кредиттік рейтингтері 7, 8 және 9 Ескертпелерде ашылған.

Нарықтық тәуекел

Қор нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістерге ұшырағыш валюталық және пайыздық құралдар бойынша ашық жайғасымдармен байланысты нарықтық тәуекелге ұшырағыш. Басшылық қабылданатын тәуекел деңгейіне қатысты лимиттерді орнатады және олардың күн сайын сақталуын қадағалайды. Алайда осы тәсілді қолдану нарықта маңыздырақ өзгерістер болған жағдайда осы лимиттерден артық зияндардың бетін қайтара алмайды.

Валюталық тәуекел

Басшылық валюталар бөлігінде қабылданатын тәуекел деңгейіне қатысты лимиттер орнатады және олардың тоқсан сайын сақталуын қадағалайды.

Қор активтерін инвестициялаудың негізгі принциптері мыналар: активтердің бүтіндігін қамтамасыз ету, Қор активтерінің жоғалу тәуекелдерін төмендету, инвестициялардың табыстылығын арттыру.

Инвестициялық стратегияның басымдықтары:

- Қор қаражатының (меншікті активтер мен арнайы резерв) 100% бүтіндігін қамтамасыз ету;
- Кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған Қор активтері жоғары өтімді қысқа мерзімді қаржылық құралдармен (депозиттер, кері репо, ақша қаражаттары) қамтамасыз етіледі;
- Қордың арнайы резерв қоржынынан валюталық тәуекелді алып тастау (шетел валютасымен ғана орналастырылған инвестициялар).

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Төмендегі кестеде есепті кезең аяғындағы жағдай бойынша валюталық тәуекелдің жалпы талдау берілген.

Қазақстандық мың теңгемен	2022 ж. 31 желтоқсанға			2021 ж. 31 желтоқсанға		
	Қазақстан теңгесі	АҚШ доллары	Барлығы	Қазақстан теңгесі	АҚШ доллары	Жиыны
Қаржылық активтер						
Ақша қаражаттары және оның баламалары	104,727,079	-	104,727,079	170,645,464	-	170,645,464
Инвестициялар және борыштық бағалы қағаздар	1,107,836,448	-	1,107,836,448	888,682,589	-	888,682,589
Дебиторлық берешек	3,690,987	-	3,690,987	4,022,528	-	4,022,528
Қаржылық активтер жиыны	1,216,254,514		1,216,254,514	1,063,350,581		1,063,350,581
Қаржылық міндеттемелер						
Кепілді өтімді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер	-	-	-	2,319,379	-	2,319,379
Өзге қаржылық міндеттемелер	25,672	-	25,672	27,796	-	27,796
Қаржылық міндеттемелер жиыны	25,672		25,672	2,347,175		2,347,175
Ашық теңгерімдік жайғасым	1,216,228,842		1,216,228,842	1,061,003,406		1,061,003,406

Пайыздық тәуекел

Пайыздық тәуекел – бұл өділ құнның немесе қаржылық құрал бойынша ақша қаражаттарының болашақ ағындарының нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты құбылып отыру тәуекелі.

Қор нарықтық пайыздық мөлшерлемелер құбылуларының оның қаржылық ахуалына және ақша ағындарына әсерімен байланысты тәуекелді өзіне қабылдайды. Мұндай құбылулар пайыздық айырма деңгейін арттыруы мүмкін, алайда пайыздық мөлшерлемелер кенет өзгерген жағдайда пайыздық айырма төмендеуі немесе зияндардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Басшылық пайыздық мөлшерлемелердің қолдануға келетін сәйкессіздік деңгейіне қатысты лимиттер орнатады және жүйелі түрде орнатылған лимиттердің сақталуын қадағалайды.

Қор жүйелі түрде депозиттер, РЕПО операциялары бойынша пайыздық мөлшерлемелер өзгерісін және мемлекеттік бағалы қағаздар табыстылығы қисықтарының өзгерісін талдау нәтижелерін пайдалана отырып, пайыздық тәуекел мониторингін жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта Қор басшылығының пайыздық мөлшерлеме тәуекелін шектеу тәсілінің мәні Еуропа қайта құру және даму банкінің сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы және номиналды құны 55,758,867 мың теңгені құрайтын бағалы қағаздарын қоспағанда, сыйақысы бекітілген жоғары өтімді мемлекеттік қаржылық құралдарға инвестициялауда. Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы қаржылық құралдар үлесі қаржылық құралдардың жалпы қоржынында жиырма пайыздан төмен құрайды.

Пайданың немесе зиянның және капиталдың (салықтарды шегергендегі) пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне сезімталдығының талдауы төменде берілген (теңгемен номинацияланған құралдар бойынша +/- 3%):

Қазақстандық мың теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан		2021 жылғы 31 желтоқсан	
	Пайыз мөлшерлемесі +3%	Пайыз мөлшерлемесі -3%	Пайыз мөлшерлемесі +3%	Пайыз мөлшерлемесі -3%
Бағалы қағаздар:				
Пайда мен зиянға таза әсері	279,673	(279,673)	298,716	(298,716)
Капиталға таза әсері	279,673	(279,673)	298,716	(298,716)

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі көбінесе сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруін мониторингілеу жолымен басқарылады. Негізгі қаржылық құралдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат келесідей жолмен берілуі тиіс:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	1 жыл және одан жоғары	
	2022 ж.	2021 ж.
Инвестициялар және борыштық бағалы қағаздар	53,954,024	56,740,915
Қаржылық активтер жиыны	53,954,024	56,740,915
Қаржылық міндеттемелер жиыны	-	-
2022 ж. 31 желтоқсанға пайыздық мөлшерлемелер бойынша таза алшақтық	53,954,024	56,740,915

Географиялық тәуекелдің шоғырлануы

Активтер, міндеттемелер және кредиттік сипаттағы міндеттемелер контрагенттің орналасқан еліне сәйкес жіктелген. Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржылық активтері мен міндеттемелерінің географиялық шоғырлануының талдауы берілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>			2022 ж.
	Қазақстан	Басқа елдер	31 желтоқсанға жиыны
Қаржылық активтер			
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	104,727,079	-	104,727,079
Инвестициялар және борыштық бағалы қағаздар	1,030,849,430	76,987,018	1,107,836,448
Дебиторлық берешек	3,690,987	-	3,690,987
Қаржылық активтер жиыны	1,139,267,496	76,987,018	1,216,254,514
Қаржылық міндеттемелер жиыны	25,672	-	25,672
Теңгерімдік қаржылық құралдар бойынша таза жайғасым	1,139,241,824	76,987,018	1,216,228,842
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер	-	-	-

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Қазақстан	Басқа елдер	2021 ж. 31 желтоқсанға жиыны
Қаржылық активтер			
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	170,645,464	-	170,645,464
Инвестициялар және борыштық бағалы қағаздар	803,363,693	85,318,895	888,682,589
Дебиторлық берешек	4,022,528	-	4,022,528
Қаржылық активтер жиыны	978,031,685	85,318,895	1,063,350,581
Қаржылық міндеттемелер жиыны	2,346,958	-	2,346,958
Теңгерімдік қаржылық құралдар бойынша таза жайғасым	975,684,727	85,318,895	1,061,003,622
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер	-	-	-

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл, есебі ақша қаражаттарымен немесе басқа қаржылық активтермен жүргізілетін қаржылық міндеттемелермен байланысты міндеттерді орындағанда Қорда қиындықтардың туындау тәуекелі. Өтімділік тәуекелі қаржылық активті оның әділ құнына жақын бағамен дереу сатудың мүмкін болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Қор өтімді қаражатқа сұранысты жүйелі түрде аңдып отырады және басшылық кез-келген басталатын міндеттемелерді орындауға жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қамтамасыз етеді.

Депозиторлар алдындағы міндеттемелерді өтеу үшін арнайы резервтің жеткілікті деңгейін ұстап тұру өтімділік тәуекелін басқарудың негізгі мақсаты болып табылады. Арнайы резервтің қажетті деңгейі Қордың ішкі ережелеріне сәйкес есептеледі. Қордың арнайы резервін қалыптастырудың негізгі көзі қатысушы-банктердің міндетті жарналары болып табылады.

Төмендегі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу мерзімі бойынша қаржы құралдарының талдауы берілген. Өтімділік тәуекелін және пайыздық мөлшерлеме тәуекелін одан өрі талдау 7 ХҚЕС сәйкес төмендегі кестелерде берілген. Кестелерде көрсетілген сомалар қаржылық жағдай туралы есептегі сомадан ерекшеленеді, себебі бұл ашып көрсетуге тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісіне сәйкес Қор өлі мойындамаған, өтеу мерзімдеріне (пайыздық төлемдерді қоса алғанда) сәйкес төленетін қаржылық активтер мен міндеттемелердің шарттық сомалары кіреді.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Талап етілгенше және 1 айға дейінгі	1-ден 6 айға дейінгі	6-дан 12 айға дейінгі	12 айдан 5 жылға дейінгі	5 жылдан жоғары	Жиыны
Активтер						
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	104,727,079	-	-	-	-	104,727,079
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	-	35,834,939	31,874,115	309,249,047	730,878,347	1,107,836,448
Дебиторлық берешек	3,690,987	-	-	-	-	3,690,987
Жиыны	108,418,066	35,834,939	31,874,115	309,249,047	730,878,347	1,216,254,514
Міндеттемелер						
Өзге қаржылық міндеттемелер	25,672	-	-	-	-	25,672
Барлық қаржылық міндеттемелер бойынша ықтимал болашақ төлемдер	25,672	-	-	-	-	25,672
Қаржылық құралдар бойынша өтімділік алшақтығы	108,392,394	35,834,939	31,874,115	309,249,047	730,878,347	1,216,228,842

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу мерзімдері бойынша қаржылық құралдар талдауы берілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Талап етілгенше және 1 айға дейінгі	1-ден 6 айға дейінгі	6-дан 12 айға дейінгі	12 айдан 5 жылға дейінгі	5 жылдан жоғары	Жиыны
Активтер						
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	170,645,464	-	-	-	-	170,645,464
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	1,098,540	14,430,635	4,890,845	149,102,403	719,160,166	888,682,589
Дебиторлық берешек	4,022,528	-	-	-	-	4,022,528
Жиыны	175,766,532	14,430,635	4,890,845	149,102,403	719,160,166	1,063,350,581
Міндеттемелер						
Өзге қаржылық міндеттемелер	2,346,958	-	-	-	-	2,346,958
Барлық қаржылық міндеттемелер бойынша ықтимал болашақ төлемдер	2,346,958	-	-	-	-	2,346,958
Қаржылық құралдар бойынша өтімділік алшақтығы	173,419,574	14,430,635	4,890,845	149,102,403	719,160,166	1,061,003,622

20 Капиталды басқару

Қордың жарияланған және шығарылған (төленген) жарғылық капиталын өзгерту (көбейту немесе азайту) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қор Жарғысына сәйкес жүргізіледі.

Резервтік капитал бөлінбеген таза табыс есебінен Қордың жарияланған жарғылық капиталынан кемінде бір пайыз мөлшерінде қалыптасады және Қор Акционерінің шешімімен анықталған тәртіпте Қор қызметімен байланысты зиянды өтеуге ғана пайдаланылады.

Жарғылық капитал мөлшері көбейгенде, сондай-ақ әр қаржы жылы аяғында қаржылық есеп деректерін акциялар ұстаушылары тізілімінен үзінді көшірмемен салыстыру жүргізіледі.

Қорда капиталды басқару бойынша заңнамалық міндеттемелері жоқ, капиталды басқару саласындағы Қордың негізгі мақсаты оның оңтайлы құрылымын қолдау мақсатында үздіксіз қызметті жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету және қаржылық жүйе тұрақтылығын қамтамасыз ету, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыру болып табылады.

Жарғылық капиталдың 70%-ын қоспағанда, арнайы резервтің нақты мөлшері 2022 және 2021 жылдарға 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 804.355.658 мың теңгені немесе 4,8%-ды және тиісінше банктердің кепілдік берілген депозиттерінің жалпы сомасының 685,322,567 мың теңгесін немесе 5.1%-ын құрайды.

Қазақстандық мың теңгемен	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы-банктерінің күнтізбелік жарналары	298,544,312	266,233,547
Межбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы өтейтін сома	60,085,156	49,827,474
Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктеріне төленген өсімпұл, айыппұл	66,776	61,515
Заңға сәйкес меншікті қаражат есебінен резерв қалыптастыру	55,600,000	55,600,000
Арнайы резервті қалыптастыруға жатқызылған Қордың таза табысы	390,059,414	313,600,031
Жарғылық капиталдың 70%-ын есепке алусыз арнайы өтем резерві жиыны	804,355,658	685,322,567

20 Капиталды басқару (жалғасы)

Ал, жарғылық капиталдың 70%-ын қоса есептегенде арнайы резервтің нақты көлемі 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 969,411,738 мың теңгені немесе қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің живнтық сомасынан 5,7%-ды және сөйкесінше 850,378,647 мың теңгені немесе 6,3%-ын құрайды.

Осылайша, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капиталдың 70%-ын ескере отырып, Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның арнайы резервтің нысаналы деңгейі туралы талабы орындалды.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы-банктерінің күнтізбелік жарналары	298,544,312	266,233,547
Мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы өтейтін сома	60,085,156	49,827,474
Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы-банктеріне төленген өсімпұл, айыппұл	66,776	61,515
Заңға сөйкес меншікті қаражат есебінен резерв қалыптастыру	220,656,080	220,656,080
Арнайы резервті қалыптастыруға жатқызылған Қордың таза табысы	390,059,414	313,600,031
Жарғылық капиталдың 70%-ын есепке алғандағы арнайы өтем резерві жиыны	969,411,738	850,378,647

Қатысушы-банктердің күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесі тәуекел индикаторлары едәуір жоғары болатын қатысушы-банктер бойынша күнтізбелік жарналардың жоғарырақ мөлшерлемелерін қолданысқа келтіре отырып, тәуекел айнымалысына негізделген.

Қордың жылдық қаржылық есебін бекіткеннен кейін таза табыс арнайы резервке аударылады.

21 Шартты міндеттемелер

Салық міндеттемелері

Қазақстан Республикасының Салық заңнамасы Қордың операциялары мен қызметіне байланысты қолдануларға әр түрлі түсіндірулерге болжамның орын алуы мүмкін. Осыған орай, Қор басшылығымен анықталған салықтық позиция, және салық позициясы негізделетін ресми құжаттамалар, салық органдары тарапынан дауға алынуы ықтимал. Салық тексерулері, тексеру жүргізу туралы шешім қабылдаған жылдың алдындағы бес күнтізбелік жылды қамтуы мүмкін. Дара жағдайларда тексерулер одан ұзақ мерзімді қамтуы мүмкін.

Қаржы есептілігінде көрсетілген салықтарды анықтау барысындағы Қор Басшылығының пайымдаулары негізделген болып табылады.

Соттың істі қараулары

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор келесі сот процестеріне жауапкер ретінде қатысты:

- 1) салымшының тарату комиссиясына және Қорға заңсыз әрекеттерді тану, ақша сомасын өндіріп алу туралы талабы бойынша;
- 2) салымшыға депозит бойынша кепілді өтемді төлеу міндеттемесін жүктегені туралы салымшының талабы бойынша;
- 3) өнім берушінің Қорға орындалған жұмысты қабылдау міндеттемесі туралы, тауарды қабылдау-тапсыру актісін жарамсыз деп тану туралы талабы бойынша;
- 4) талап қою кезінде төленген ақша сомасын және мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы салымшының Қорға қойған талабы бойынша.

Талапкерлердің Қордан ақшалай сомаларды өндіріп алуға қатысты мүліктік талаптарын қанағаттандыру Қор үшін айтарлықтай шығынға әкеп соқпайды.

21 Шартты міндеттемелер (жалғасы)

Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер

Қорда жедел жалға берілетін ғимарат пен көлік құралдары бар. Жалға беру, әдетте, бір жылға арналған. Жалға алу төлемдері, әдетте, жыл сайынғы нарықтық жалдау шарттарын көрсету үшін өседі. Жалға шартты жалдау кірмейді.

22 Әділ құн туралы ақпаратты ашу

Әділ құнды бағалау нәтижелері келесідей жолмен әділ құн иерархиясы деңгейлері бойынша талданып, бөлінеді: (i) 1-деңгейге ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы белгіленетін (түзетілмейтін) бағалар бойынша бағалаулар жатады, (ii) 2-деңгейге – барлық пайдаланылған елеулі бастапқы деректер тура немесе жанама актив не міндеттеме үшін байқалатын болып табылатын бағалау моделдері көмегімен алынғандар жатады (яғни, мысалға, бағалар негізінде алынғандар), және (iii) байқалатын нарықтық деректерге негізделмеген (яғни байқалмайтын бастапқы деректерге негізделген) бағалаулар болып табылатын 3-деңгей бағалаулары. Қаржылық құралдарды әділ құн иерархиясы санаттары бойынша бөлу үшін басшылық пайымдамалар пайдаланады. Егер әділ құнды бағалау үшін едәуір түзетулер талап ететін байқалатын бастапқы деректер пайдаланылса, бұл бағалау 3-деңгейге жатқызылады. Пайдаланылатын бастапқы деректердің маңыздылығы әділ құнды бағалаудың барлық жиынтығы үшін бағаланады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдар болмаған.

Әділ құнды ашу үшін Қор, «Қазақстанның қор биржасы» АҚ мен Bloomberg ресми сайтында жарияланған, активті есем екінші деңгейлі нарықтардағы белгіленген бағаларды қолданды. Сонымен қоса, әділ құнды анықтау барысында ҚР МБҚ табыстылығының қисығына, ол үшін нарықтық деректер пайдаланылған, ұлттық валютаға тәуекелдердің сипатына ең жақын болатын, экстраполяция әдісі қолданған.

Келесі кестеде әділ құн бойынша есептелмейтін, олар үшін әділ құнды ашып көрсететін, активтер мен міндеттемелер көрсетілген:

2022 ж. 31 желтоқсан					
Қазақстандық мың теңгемен	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Жиыны	Теңгерімдік құны
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар					
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	-	820,517,512	-	820,517,512	903,978,158
Корпоративтік облигациялар	-	138,141,754	-	138,141,754	149,347,751
ХҚҰ облигациялары	-	66,326,049	-	66,326,049	54,510,539
Жиыны	-	1,024,985,315	-	1,024,985,315	1,107,836,448
2021 ж. 31 желтоқсан					
Қазақстандық мың теңгемен	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Жиыны	Теңгерімдік құны
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар					
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	-	632,358,331	-	632,358,331	675,399,847
Корпоративтік облигациялар	-	154,827,445	-	154,827,445	154,521,720
ХҚҰ облигациялары	-	57,168,349	-	57,168,349	57,662,482
ҚРҰБ ноталары	-	1,098,528	-	1,098,528	1,098,540
Жиыны	-	845,452,653	-	845,452,653	888,682,589

Жоғарыдағы кестеде келтірілген деректерді қоспағанда, Қор басшылығының пікірінше, қаржылық есептілікте көрініс тапқан қаржылық активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны олардың сипатының қысқа мерзімді болуына байланысты шамамен олардың әділ құнына тең.

23 Бағалау санаттары бойынша қаржылық құралдарды беру

«Қаржылық құралдар» 9-ХҚЕС-на (IFRS) сәйкес өзінің қаржылық активтерін келесі санаттар бойынша жіктейді/бөледі: (а) пайда немесе зиян арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер; (б) өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын қаржылық активтер және (в) амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер. «Пайда немесе зиян арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер» санаты екі ішсанатқа бөлінеді: (i) пайда немесе зиян арқылы өділ құны бойынша міндетті түрде бағаланатын активтер, және (ii) бастапқы танығанда осы санатқа жатқызылған активтер. Сонымен қатар, жеке санатқа қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бөлінген.

2022 жылғы 31 желтоқсанға және 2021 жылғы 31 желтоқсанға Қордың барлық қаржылық активтері және міндеттемелері амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына жатқызылған.

24 Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

Тараптар, егер олар ортақ бақылауда болса немесе олардың біреуінде басқасын бақылау мүмкіндігі бар немесе басқа тарап қаржылық және операциялық шешімдер қабылдағанда айтарлықтай ықпал ете алатын болса, байланысты болып есептеледі. Байланысты тараптар арасындағы қатынастар болуы мүмкін қатынастардың әр жағдайын қарғанда осындай қатынастардың заңдық тұсын ғана емес, олардың мағынасын (мәнін) назарға алу қажет.

2022 жылғы 31 желтоқсан және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор, Қазақстан Республикасы атынан құрылтайшысы болып табылатын, ҚРҰБ еншілес ұйымы.

«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» 24-ХҚЕС-на (IAS) сәйкес Қордың өзге байланысты тараптарына Қазақстан Республикасы, ұлттық компаниялар және Қазақстан Республикасы бақылайтын басқа ұйымдар жатады.

Қазақстан Республикасы Қорға елеулі ықпал етеді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қордың байланысты тараптары деп танылатын ұйымдардың үстінен бақылайды.

Қор ашып көрсетулерден байланысты мемлекеттік ұйымдармен жасалатын операцияларды алып тастамауды шешті.

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсанға байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		Тікелей иегер ұйым	Ортақ бақылаудағы компания	Басқа байланысты тараптар
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	15.75-16.75%	104,718,619	-	361
Инвестициялар және борыштық бағалы қағаздар	4.97-13.9%	-	-	1,030,849,430
Өзге қаржылық активтер		-	-	656,195
Өзге міндеттемелер		8,544	17,455	127

Төменде 2022 жылға байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша табыс және шығын баптары көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		Тікелей иегер ұйым	Ортақ бақылаудағы компания	Басқа байланысты тараптар
Пайыздық табыс		11,888,658	-	91,366,756
Күнтізбелік жарналар бойынша табыс		-	-	2,462,104
Өкімшілік және өзге операциялық шығыс		126,359	185,810	65,930

24 Байланысты тараптармен жасалатын операциялар (жалғасы)

Төменде 2021 жылғы 31 желтоқсанға байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		Тікелей иегер ұйым	Ортақ бақылаудағы компания	Басқа байланысты тараптар
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	8.75-9.75%	170,640,959	-	364
Инвестициялар және борыштық бағалы қағаздар	9.7%	1,098,540	-	802,265,153
Өзге қаржылық активтер		-	-	527,216
Өзге міндеттемелер		-	24,361	99

Төменде 2021 жылға байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша табыс және шығыс баптары көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		Тікелей иегер ұйым	Ортақ бақылаудағы компания	Басқа байланысты тараптар
Пайыздық табыс		11,112,109	-	58,761,106
Күнтізбелік жарналар бойынша табыс		-	-	2,057,517
Әкімшілік және өзге операциялық шығыс		86,352	149,652	58,933

Төменде негізгі басқару қызметкерлеріне сыйақы төлемдері туралы ақпарат берілген.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2022 ж.		2021 ж.	
	Шығын	Есептелген міндеттеме	Шығын	Есептелген міндеттеме
<i>Қысқа мерзімді сыйақылар:</i>				
- Еңбекақы	110,769	12,242	109,386	5,246
- Мемлекеттік зейнетақы және әлеуметтік қамтамасыз етуге шығындар	11,026	-	8,738	-
Жиыны	121,795	12,242	118,124	5,246

Қысқа мерзімді премиялық сыйақылар басшылық тиісті қызметтер көрсеткен кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде толық көлемде төленуі тиіс.

25 Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар

Қор басшылығы есепті күннен бастап қаржылық есептілікті шығару күніне дейін елеулі оқиғалар болған жоқ деп есептейді.